

Мектептегі мерекелер

№1 (151)
2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

М. Бакеев. Мың алғыс саған, мектебім!.....	3
Ж. Әмірғалиева. Қайсар рухты қазақ	4
А. Аруынов. Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы	8
А. Баймуханова. Рухани жаңғыру – Мәңгілік ел болу ...	11
Ұ. Сабирова. Жыр дүлдүлі – Жүмекен	12
Н. Сатыбаева. Өнегелі отбасы	15
М. Шулумова. Қазақтың кие тұтқан сандары.....	17
Н. Жәлелова. Мен оқыған бір кітап	19
Л. Қобландина. Өлкетану бұрышының жұмысы	20
Б. Елубаева. Қазақ халқының өміріндегі тыйым сөздердің орны	22
Л. Рыскулова. Сыйлаған қонағын құдайындай.....	26
Д. Әділбаева. Жаңа жыл – құтты жыл.....	28
А. Скакова. Зорлық-зомбылықсыз отбасы	30
Л. Ахметжанова. Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ	31
А. Айтбаева. Желтоқсанның арманы – тәуелсіздік таңдары.....	33
Ә. Боранқұлова. Жаңа жыл – сиқырлар мен ғажайыптар уақыты	35
Оқушылар шығармашылығы.....	36

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, № 10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
06.01. 2020 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Табылдиев Әдібай –
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор,
Алматы қаласы.

Кіршібаева Райхан –
әл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Мың алғыс саған, мектебім!



**Медет
Маратжанұлы
БАКЕЕВ,
№32 жалпы
білім беретін
мектебінің 11
«Ә» сынып
оқушысы.
Түрксіб ауданы,
Алматы қаласы.**

Әр адам үшін өмірде адам болып, ел қатарлы, Абай бабамыз айтпақшы: «Кетігін тап та, бар қалан» болу үшін ұстаздың, мектептің орны ерекше. Мен — Алматы қаласы, Түрксіб ауданындағы №32 жалпы білім беретін мектебінің 11 «Ә» сынып оқушысымын. Өзімнің білім алып, бітіргелі отырған мектебім туралы бір ауыз сөз айтып кетуді, алғысымды білдіруді — өз азаматтық парызым деп санаймын. Сондықтан қолыма қалам алып, сөз ұстартпақпын. Алдымен бір Аллаға, сосын ата-анама, ұстаздарыма алғысым шексіз. Әріп танытқан ең алғашқы ұстазым Жунусова Асыл Ахметовнаның аялы алақанына тарыдай болып келген сәтім әлі көз алдымда. Алғашқы қоңырау, мектеп тәртібін ұғындырып, өз жылуын аямаған тұңғыш ұстазыма дән ризамын. Бастауыш сынып мұғалімінің ең асыл қасиеті — ол баланың зердесін ашуы. Сол зердемі ашқан апайым мәңгі есімде. 5-сыныпта жетекшім болған Болатбекова Рита Бериковна да — ерекше адам. Орта буында оқыту ерекшелігін алғаш осы кезде ұғындық. 8, 9-сынып жетекшісі болған

Бердібек Ұлбосын Алтынбекқызына да рахметімді айтамын. Жасөспірім шақтың, өтпелі кезеңнің қиын да қызықты кездерін Ұлбосын апайыммен бөліскенім — бір ғанибет. 10, 11-сынып жетекшісі, қазіргі кездегі апайым Кушербаева Мейрамгуль Жумабаевнаға да мың алғыс айтамын. Өзімнің анам Нұржан Қожадиясқызы Сатыбаева да — осы мектепте физика пәні мұғалімі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, №32 жалпы білім беретін мектебінің барлық ұжымына, есік алдында күлімдеп күтіп алатын күзетшісінен қатал да әділетті басшысына дейін жадымда ыстық ықыласпен қалатыны ақиқат. Мектебім, ұстаздарым маған тек қана білім беріп қана қойған жоқ, тәлім-тәрбие, үлкенді сыйлау, белсенді болу, арман-мақсат қоя білу деген сияқты асыл қасиеттерді бойыма сіңіре білді. Мектепте жүріп ғылыми жоба байқауына, түрлі мәдени іс-шараларға, спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алғаным да — осы ағай-апайларымының маған деген сенімінің арқасында деп білемін. 11 жыл бойы қанатының астында өсіріп, қызықты сәттерге толы қара шаңырақтай, асыл мектебіммен қоштасатын сәт келе жатыр. Еріксіз көзге жас үйірілетін сияқты. Себебі қимастық сезім бой алдыра бастайды. Алаңсыз өткен уақыт зымырап барады. Енді ересек өмірге бет алдым. Маған дейін де талай түлекті ұшырған, менен кейін де талай дарындарды ұшыратын мектебімнің мерейі үстем, мәртебесі асқақ болғай!

Қайсар рухты қазақ

Мақсаты: Білім алушылар бойында патриоттық сезімді күшейту, Тәуелсіздікке жеткізген қыршындарымызды еске алу.

Білімділігі: 1986 жылы Алматы оқиғасының себептерін сипатын, қозғаушы күштері мен тарихи маңызын білдіру, ұлттық намыстың аяқ — асты жаншылуы, ұлттық қатынастағы жылдар бойы жинақталған шиеленіс пен жүйенің ұлт саясатын өзгертуге қабілетсіздігі өз ұлтын мемлекеттік басқаруда қазақ не болмаса қазақстандық ұлт өкілін талап еткен қазақ жастарының айыпталып, соққыға жығылуы, ар — намыстың ұлттық қасиеттің, тәуелсіздік туының желбіреуіне үлес қосып өздерінің қызғалдақтай құлпырған жас өмірлерін қиған желтоқсан құрбандары: Қайрат, Ербол, Ләззат ерліктерін насихаттау.

Тәрбиелігі:

а) Білім алушыларды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

ә) Азаттық жолында халқына адал қызмет еткен жандар мен батырлар есімі тарихта алтын әріппен жазылса, желтоқсан оқиғасында өз ұлтының намысын берік ту етіп ұстаған Қайрат сынды батырлардың есімдерін, ерліктерін құрметтеуге, ұмытпауға халық жадында алтындай сақтауға тәрбиелеу.

б) Өз ұлтының тарихын сүйюге, дамытуға, қорғауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: «Желтоқсан шежіресі» атты газет шығару. Қайрат Рысқұлбековтың суреті, Тәуелсіздік, ерлік туралы нақыл сөздер.

Әдісі: аралас, театрландырылған көрініс.

Барысы:

Хормен «Желтоқсан желі ызғарлы» әні орындалады.

1-жүргізуші: Құрметті ата-аналар, оқытушылар, студенттер! Бүгін біз дүниені дүр сілкіндірген, тәуелсіздік туын ең алғаш көтерген әйгілі 86-ның желтоқсанына арналған: «Қайсар рухты қазақ» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз!

2-жүргізуші: Желтоқсан бастауы ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан ұлы тарихтың бір белгісі.



1-жүргізуші: 16 желтоқсан. Бұл ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет мидай араласқан әрі жарқын, әрі қаралы, қасіретті күн еді. Бұл қасіретті күн Қайрат Қайыркелді, Түгелбай, Сәбира, Ербол, Ләззат сынды жүздеген, мыңдаған қыршындардың қанатын қиып түскен озбырлық күні, өктемдік үні еді. Ендеше сол желтоқсанның ызғарындағы мыңдаған боздақтардың рухын еске алып, бір сәт үнсіздік жариялаймыз.

Студенттер өлең оқиды:

I. Желтоқсан айы естесің,
Дауыл боп бұрқап ескенсің.
Азаттық күйі қашаннан,
Көкейін елдің тескенсің.

II. Тарылып жатса даламыз
Қайтіп біз тыныс аламыз
Қақымыз жоқ айтуға
Әділет қайдан табамыз?

III. Жібердік еркін ат басын.

Қиянат жанға батқасын

Тоқырау тоңын күйреттік

Деп: «Теңдік күні батпасын».

IV. Жанымыз жомарт қазақпыз

Мәңгүрт боп кете жаздаппыз

Қосамыз басты бауырлар

Жанайық жансақ маздап біз.

Радиодан төтенше хабардың белгісі беріледі.

1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында Д. Қонаевтың зейнеткерлікке шығуына баайланысты Республика Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы міндетінен босатты. Оның орнына Ресейден келген Колбин сайланды. Төтенше өткен Пленум 18 минутта аяқталды.

2-жүргізуші: Асығыс өткен пленум шешімі қазақ халқымен санаспаушылық болып табылды. Пленум шешіміне көңілі толмаған халықтың жүрегінде наразылық ұшқыны лаулай түсті.

Көрініс: Сахнаға екі студент шығады, бірі — жігіт, бірі — қыз. Қолдарында конспекті дәптерлері бар.

Қаламқас: Ерсұлтан сен естідің бе? Кеше Дінмұхамед ағамыз орнынан алыныпты дейді.

Ерсұлтан: Қойшы, рас айтасың ба? Кімнен естідің?

Қаламқас: Кеше куратор ағайдан естідім. Бүгін Брежнев алаңында көп адам жиналады.

Ерсұлтан: Неге? Неліктен?

Қаламқас: Қонаевтың орнына Ресейден бір орыс келіпті дейді. Халық наразылық білдіріп жатқан көрінеді. Куратор ағай ол жакқа бармандар деп ескертті.

Ерсұлтан: Қой, біздің мұнда тығылып қалғанымыз дұрыс болмас. Жүр кеттік! Тез барайық!

1-жүргізуші: Иә, аңғал сеніммен алаңға шыққан бейкүнә қыз-жігіттер «контрреволюционерлер» емес еді. Олардың ойы халықтың құқықтары мен проблемалары туралы сөз жүргізу еді. Алайда, оларды бір қолында шокпары, бір қолында қалқаны бар қарулы, сақадай сай әскерлер қарсы алды. Бейбіт шеруге шыққан жастардың бейбіт тілегі ағаш жаңқасындай быт-шыт болып, ұшып жатыр.

Көрініс: Алаңда жастар бейбіт, жай-барақат. Қолдарында «Каждому народу — своего вождя», «Ленин идеясы жасасын!», «Қазақ ежелден еркіндік аңсаған!», «Қазақстан — қазақтардікі», «Ресейге қайт!» деген транспаранттар бар.

Дауыс: Қонаевты шақырындар! Ақиқатын айтып, түсіндірсін барлық жайды!

Дауыс: Қазақстаннан адам табылмады ма? Қазақстанға басқа жерден басшы әкелгені несі?

Дауыс: Талап-тілекті айтамыз. Шықсын ортаға басшылар.

Осы кезде «Менің Қазақстаным» әні айтылады. Жастар теңселіп тұрып бұл әнді ерекше бір шабытпен тамаша орындайды.

Прокурор: Балалар! Мен Республика прокурорымын. Тарқандар! Жатақтарыңа қайтындар! Ұят болды! Мен сендерге күш қолданам! Үйге қайтындар!

Осы кезде залға сырттан әскери адамдар кіріп, алаңдағы жастарды ұрып соға бастайды. Қаралы музыка ойнап тұрады. Әскер сахнадан қыздар мен жігіттерді сүйреп, жұлқылап әкете бастайды. Бет-аузы қан, ұзын шашы жайылып бетін жапқан жас қазақ қызын екі әскер солдат сүйреп келді. Қыз жұлқынып, халыққа қарап ышқына сөйлейді:

- Әй, туғандар! Жігіт болсаңдар шығыңдар бері қарай! Қосылыңдар біздің қатарға!

Осы кезде қарулы әскер қыздың көк желкесінен шокпармен ұрып қалады. Қыз сылқ етіп, есінен танып түседі.

2-жүргізуші: Міне, өмірден тағы бір

қыршын жас қызғалдақ осылай кеткен еді. Алматы музыка училищесінің студенті Ләззат Асановаға өзін-өзі өлтірді деген өтірік жала жабылған еді.

1-жүргізуші: Бұл түнде қаланың кез келген тұсынан ұсталған жастарды ұрып-соғып, өлімші халге жеткізді. Осындай қатігездікті көрген оларға араша түсем деп жүргендердің арасында Қайрат Рысқұлбеков те бар.

1-жүргізуші: Иә, халық басына төнген осы бір қасіретті сәтті от тілді, қайсар ақын Қайрат былай деп суреттейді:

Екі жүзін қырылып,
Екі жүзін ұрылып.
Екі жүзін сотталып,
Жоктаусыз кетіп барасың!
Қыршынымнан қиылып,
Солармен бірге өлсемші-ай!
Артта қалған ата-анам,
Арулап қолдан көмсеші-ай!

**«Қара бауыр қасқалдақ» әні орындалады.
Көрініс.**

Үй-іші қалаша жиналған. Дастархан басында Қайрат, нағашысы, жеңгесі отырды.

Нағашысы: Қайрат-ау, тамақ алсаңшы!

Студент болам деп бір ішек болып қалып-сың-ау өзін.

Қайрат: Жә, бұйырғанын жеп отырмын ғой, нағашы.

Нағашы: Астан алыңқыра, Қайрат. Өзіңнің ептеп өлең жазатының болушы еді ғой. Айта отыр көңілдене түсейік.

Қайрат: Иә, нағашы, бар ғой, бар, бар! *(Осы кезде есік қағылып, үш-төрт полиция қызметкері үйге кіріп келеді)*

Полиция: Біз органнан келдік. Қайрат Рысқұлбеков деген азаматты тұтқындауға келдік.

2 жігіт Қайратқа: Тез жинал, бізбен бірге кетесің.

Жеңгесі: Ойбай-ау, бұларың не? Жұдырықтай баланың не жазығы бар еді? Әкешешесіне не бетімізді айтамыз?

Полиция: Женеше, сабыр етіңіз! Бұл жігіт бір төбелеске қатысыпты. Анық-қанығын тексерген соң, қайтарып жібереміз.

Қайрат:

Жалалы боп, қатты батты жаныма,

Жазалаушы қағаз алдым қолыма.

Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,

Жазған екен маңдайыма сорыма.



Біріншіден мен анамды сағындым.
Екіншіден, Бұл құдайға не қылдым,
Бостандықта еркін жүрген жан едім,
Енді, міне, абақтыға жабылдым.

Көрініс: Түрме іші, қолында қағазы бар
Қайрат отыр. Қинала отырып «Түрме
жыры» өлеңін оқып шығады. Содан кейін
қатты шаршап, былай дейді: Уһ, әбден
шаршадым-ау, жүйке тамырым жұқарды
ғой! Қайран бостандық!

Жанат: Енді біз бостандыққа шыға ал-
маспыз, Қайрат.

Қайрат: Ертең бәрібір шығамыз, бүгін
бізді ұрып-соғып қорландар әлі-ақ жауап
береді заң алдында, Алла алдында!

Тергеуші: Савицкийді сен өлтірдің бе?

Қайрат: Жоқ, өлтірген жоқпын.

Тергеуші: Сенің ұрып-жыққаныңды бі-
реу көріпті ғой.

Қайрат: Олай болса мені сол адаммен
беттестір. Бұл өтірік, жала!

Тергеуші: Ах, ты, декабрист несчаст-
ный! Я тебе покажу өтірікті. Жала дейді
еще. (Ұрып-соғады. Есінен танған Қайрат-
тың бетіне су шашады)

Тергеуші: Әй, Рыскулбеков! Сен Са-
вицкийді өлтірдім деп мойныға ала сал.
Сонда сенің жазан жеңілденеді. Егер сен
Савицкийді өлтіргеніңді мойындасаң,
әкеңе тиіспейміз. Әйтпесе әкенді де бірге
соттаймыз.

Қайрат: Жолдас, тергеуші! Бұл жала
ғой. Өлтірмеген адамды өтірік өлтірдім
деп қалай мойындаймын? Туған адам тү-
гіл, тышқан да өлтіріп көргем жоқ қой.

Тергеуші: Сен ақымақ болма! Өлтірдім
деп мойында. Бұл бір. Сен әкеңнен 4000
сом алып, мына менің жұмсақ алақаныма
сал, бұл — екі. Түсіндің бе, мақұлық?

Қайрат: Жолдас, тергеуші! Ауылда өз
күнін өзі әзер көріп отырған ата- анамды
ақша деп қинағым келмейді және не үшін
ақша төлеуім керек?

Күнәдан таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар,

Қасқалдақтай қаным бар
Бозторғайдай жаным бар
Алам десең алындар.

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар.
Еркек тоқты-құрбандық,
Атам десең атындар.
(Сахна жабылады)

1-жүргізуші: Пешенесіне жазылған аз
ғана ғұмырдың соңғы сағатына дейін мы-
нау алдамшы дүниеден рахым күтіп, кү-
дерін үзбеген сұңғыла жігіттің көңілі кім
үшін, не үшін мерт болуға тиіс екенін сезе
бастаған тәрізді.

2-жүргізуші: Иә, ізгілік атаулыдан күдер
үзіп, ең соңғы үміті бар сенімі күйреген,
рухани езілген балаң жігіт:

Жел кірді көңіліме жиырма бірде
Айдады ерікке қоймай сол несібе,
Желпілдеп, желдім екен несіне,

Түседі адасқаным енді есіме, - деп қатты
торыққан қайсар рухты қазақ жігіті орыс-
ша-қазақшаға судай жігерлі, отты жігіт
еді. Өкінішке орай, 1988 жылы 13 мамыр-
да Семей облысында Қайрат Рысқұлбеков
21 мамыр күні таңда өмірден өтті. Қанаты
қайрылып, жарық күнмен мәңгі қоштас-
ты. Есіл ер көзі тірісінде шындыққа жете
алмай қапыда жер жастанды (еске алу 1
мин).

1-жүргізуші: Осымен бүгінгі «Қайсар
рухты қазақ» атты тәрбие сағатымыз өз
мәресіне жетті. Еліміз тыныш, бауыры-
мыз бүтін болғай, ағайын! Келесі кездес-
кенше, сау болыңыздар!

Ж. ӘМІРҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан инженерлік-
экономикалық
колледжінің биология және
экология пәндері оқытушысы.
Ақсай қаласы,
Бөрлі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім — Бауыржан Момышұлы

Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілік дарыту, тарихқа құрметпен қарауды үйрету.

Міндеттері: оқушыларды тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ету, отансүйгіштікті тәрбиелеу, тарих пен әдебиетті тануға, оқуға деген құлшынысын дамыту.

Қатысушылар: 7-9 сынып оқушылары.

(Экраннан Б. Момышұлының кішкене суреті көрсетіліп, бірте-бірте үлкейе түседі).

Сурет астына:

«Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде», —
Деп жылар қайран қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, оқырмандар! Бүгінгі біздің кездесуіміз қазақ халқымыздың ұлы атақты батыры, бүкіл әлемге аты шыққан ірі тұлғамыз, Кеңес Одағының батыры «Халық қаһарманы» әскери жазушы Бауыржан Момышұлына арналады.

Кешіп өтіп кешегі от-жалыннан,
Дүниеге ерлігімен танылған.

Кең жауырынды, Талғардай тік иықты,
Бөрі кеуде, бүркіт қабақ Бауыржан!

Ведущий: Добрый день, уважаемые гости. Сегодняшняя наша встреча посвящается Бауыржану Момышұлы. Одному из великих сынов казахского народа, Героя Советского Союза, «Халық қаһарманы». Наши предки говорили: «Величие народа — в величие духа, идите по дороге жизни, не склоняя головы, не роняя чести», — эти слова по праву можно отнести



к Б. Момышұлы. Нет ни одного человека в Казахстане, кто бы не знал его имени, не гордился бы им не только как своим национальным героем, но и как широко известным казахстанским писателем.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Жүргізуші: Қазақ халқының өр тұлғаларының

жалғасы, өзі сүйген ұлтының сүйікті перзенті, аты аңызға айналған батыры, даңқты қолбасшы, жалынды жазушы, Халық Қаһарманы — Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толып отыр.

Ведущий: Слова предоставляется директору Школы-лицей №131 имени Б. Момышұлы Достановой Р.З.

Жүргізуші: Енді мектеп-лицейіміздің әскери-патриоттық «Жас сарбаз» сыныбын **«Менің Отаным — Қазақстан» атты тамаша әнімен ортаға шақырайық.**

Жүргізуші: Әрқашан да Отан үшін жанын қиюға дайын тұрған дара тұлға бойына бірнеше өнерді де қатар меңгерген. Енді Баукеңнің игерген өнерлері жөнінде оқушыларымыз айтып өтсін.

1-оқушы: Бауыржан Момышұлы мұрасындағы патриотизм.

2-оқушы: Мы будем достойными потомками Бауыржана Момышұлы.

3-оқушы: Б. Момышұлының тіл төңірегіндегі ойлары.

Жүргізуші:

Ақиқаттың семсері жарқылдасын,

«Ер — елі үшін» бар халқымда шын.
Отан үшін от кешкен Бауыржанның,
Ұлағаттап айтамыз нар тұлғасын.
Кеудесінде мәңгі сөнбес жалын бар,
Өмірінде тағлымы мол, таным бар.
Ұлы ерліктің туын көкке көтерер,
Туа берсін Бауыржандай дарындар!

Бауыржан Момышұлы. Запись его живой речи.

Ведущий: Б. Момышұлы молодому поколению оставил после себя около сорока изречений на разные темы: о поведении, нравственности, героизме, патриотизме, сознательности, и все они имеют глубокое философское значение. Вышедшие из под его пера крылатые слова восхищают точностью и глубиной, красотой и человечностью. Его меткие высказывания поражают многогранностью и разнообразием.

Жүргізуші: Олай болса, Бауыржан атамыздың қанатты сөздеріне кезек берейік.

(Бастауыш сыныптан екі оқушы қанатты сөздерін оқиды)

«Б. Момышұлының туғанына 110 жыл» слайд-шоу.

Ведущий: Имя его — символ мужества! Бауыржан Момышұлы очень любил поэзию и сам сочинял стихи. Писал на двух языках. И, как утверждал выдающийся казахский писатель Мухтар Ауэзов, Бауыржан Момышұлы... на русском языке пишет лучше, хотя он казахский знает прекрасно». А сейчас вместе с вами прочитаем его стихотворению на двух языках.

(4 оқушы екі тілде өлеңін оқиды)

Жүргізуші: Баукең өз шығармаларында ғана емес, күнделікті тұрмыстың өзінде де бала тәрбиесіне ден қойып, үлкен мән берген. Баланы бесікте жатқаннан-ақ ұлттық рухта тәрбиелеу керек деген ұстанымды берік ұстанған.

- Ендеше, Баукеңнің ұрпақ болашағына терең тамыр жіберіп, бала тәрбиесі жайында айтқан толғаныстарын назарларыңызға ұсынамыз.

Көрініс.

(Төрде Бауыржан отырады. Әскери киім киген екі бала келіп):

- Здравия желаем, товарищ полковник!
- деп қолдарын шекесіне апарып сәлем береді.

Бауыржан: Здравствуйте, товарищи! Отыруларыңызды өтінем.

(Балалар отырады)

1-бала: Полковник жолдас, біз әскери-патриоттық бағытта білім беретін мектептің шәкірттері едік. Сізге сәлем беруге арнайы келдік.

Бауыржан: Бәрекелді, сұңқарларым! Басында бұлағы бар өзеннің ұзақ ағатыны секілді, өнегелі ата-ананың тәліміне сусындап, үлкенді сыйлап, бауырмашылдық рухта ер жеткен бала мектеп тәрбиесін де бойына жақсы сіңіреді. Ата-ананы, апа-қарындасты, аға-ініні сыйлаған халқының да қадіріне жетеді. Елін сүйген ер атанады. Өйткені ерлік білекте емес, елін сүйе білген адал жүректе.

2-бала: Ата ... (аузын саусағымен басып) кешіріңіз... жолдас полковник, - дейді.

Бауыржан: Менің сендерге ата екенім рас, - қайта қазір осылай атаған өзіме көп ұнайды. Сондықтан қысылма, балам, не айтпақ едің, айта ғой.

2-бала: Ата, сіз соғыста қорықтыңыз ба?

Бауыржан: Мен қоян жүрек емеспін, бірақ қорықтым (ойланып барып) соғыста қорықпадым түршікпедім деп тек ақымақ мақтаншақтар айтады. Қорықпайтын пенде болмайды. Жансыз темір емес, ет-сүйектен жаралған адамбыз. Қорқу — табиғи сезім. Бірақ әңгіме онда

емес, бұл жерде ең бастысы — сол қорқынышты жеңе білу. Ол үшін намыс керек. Елдің намысы — ердің туы, ер намысы — ел намысы. Ал жасынан жасқанып өскен жасық жаумен жағаласуға жарамайды. Ондайлар кара басының амандығын ойлап, қысылтаянда тасаға бұғады.

1-бала: Қазір де қорқатын нәрсеңіз бар ма?

Бауыржан: Оттан да, оқтан да қорықпаған Бауыржан едім. Кейінгі кезде қорқынышым көбейіп барады. Балаларға бесік жырын айтатын келіндерімнің азайып бара жатқанынан қорқам, немерелеріне ертегі айтып беретін әжелердің азайып бара жатқанынан қорқам. Өйткені, бесік жырын естіп, ертегі тындап, дәстүрді бойына сіңіріп өспегеннің көкірегі көр бола ма деп қорқам. Ал көрдің қолына балта берсең, шаба салады, бақыр берсең ала салады, найза берсең сұға салады, намыстанбай бұға салады. Мен табиғатынан, тағдырынан болған соқырлықты айтып отырғаным жоқ, тауып алған соқырлықты айтам. Егер ондай соқырлықтан жазылмасақ, халық болудан қаламыз ба деп қорқам.

2-бала: Жолдас полковник, әңгімеңізге үлкен рахмет!

Бауыржан: Ал, балаларым, сендерге батамды берейін.

*Қолбасшы болсаң сондай бол,
Жосылып жатқан жолдай бол.
Қайрат етер мезгілде,
Жүк көтерген нардай бол.
Ақыл айтар мезгілде,
Жарқырап жанған шамдай бол.
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол.*

*Жауды бөгер кезінде,
Көлденең жатқан ордай бол!*

Ведущий: Нет, наверное, человека, который не склонил бы голову перед героизмом воина — писателя во время Второй Мировой Войны, перед его талантом в мирное время, перед его высокой человечностью.

Б. Момышұлы своей жизнью создал себе «нерукотворный памятник».

Дорогие гости, выступавшие сегодня перед Вами, раскрыли образ Бауыржана. Из всего этого можно сделать вывод, что Бауыржана Момышұлы отличали такие черты характера: выдержанность, храбрость, стойкость, беззаветное служение своему долгу, любовь к Родине, героизм, честность и справедливость.

Жүргізуші: Танымал жазушы, аудармашы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты — Ғаббас Қабышұлы ағамызға сөз беріледі.

Ведущий: Слово предоставляется заслуженному деятелю Республики Казахстан, доктору военных наук, профессору Серикбаеву Ким Серикбаевичу.

Жүргізуші: Келесі сөз кезегі бүгінгі кешіміздің қонағы, танымал жазушымыз, бауыржантанушы — Мамытбек Қалдыбайұлына беріледі.

Жүргізуші: Осымен «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім — Бауыржан Момышұлы» атты кездесу конференциямызды аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!

**Асет Тулеулиевич АРУЫНОВ,
Б. Момышұлы атындағы
№131 мектеп-лицей
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Алматы қаласы.**

Рухани жаңғыру – Мәңгілік ел болу

Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ұлттық идеясын болашақ ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында өткізілген бұл шара оқушылар бойында патриоттық рухты дамытып, өз еліне, тегіне, тарихына, туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

Рухани жаңғыру – Ол біздің ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін жол. Қазіргі қоғам көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін ілім-білімге ұмтылып, жан-жақты жетілген жөн.

Олай болса, бүгінгі біздің «Рухани жаңғыру – Мәңгілік ел болу» тақырыбындағы шарамызда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын кеңінен насихаттап, өз ой-пікірімізді ортаға саламыз.

«Өткен күн, Кеше – тарих,

Келер күн, Ертең – сыр,

Ал бүгінгі күн – үлкен сый» - деп Қорқыт атамыз айтқандай, біздер өткен тарихымызды, салт-дәстүрлерімізді ұмытпай, оларды келешек ұрпақтарға насихаттау – біздің парызымыз.

Шараның «Қазақстан кеше, бүгін, ертең...», «Өз еліме қосар үлесім», «Ой қозғау» бағыттары бойынша қатысушылар өз ойларын ортаға салса, кітапханашы «Рухани жаңғыру» туралы шағын баяндама оқып, балаларға сұрақтар қойып, жауап алды.

Жастарға жол ашылды әр салада,
Білімді игере бер қай жақтан да.
Бастысы елге пайда тигізе көр,
Рухани жаңғырғайсың әрбір жолда,



- деп қорытындылай келе, жастайынан дін мен дәстүрімізді, тағылымды тарихымызды оқып, сусындап өскен ұрпақ теріс ағымдар мен жат мәдениеттің жетегінде кетпейді деген сенімдемін. Салт-дәстүрі мен тарихына ерекше мән берген елдің тұғыры биік, іргесі берік болмақ. Туған жерін ұмытпайтын адам туған елін қадірлейді. Елді қадірлеу туған жердің рухын бойға сіңіріп өсуден басталған.

Алия БАЙМУХАНОВА,
«Қалалық орталықтандырылған
кітапхана жүйесі» КММ
№11 Құрашасай селолық модельді
кітапханасының меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.

Жыр дүлдүлі – Жұмекен

Мақсаты: ақын, жазушы Жұмекен Нәжімеденовтың шығармашылығын оқырмандарға терең таныту, өлең жырларын насихаттау. Оқырмандарды адал, тәрбиелі болуға, патриоттыққа, елін-жерін қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Жұмекеннің жыр әлемі» кітап көрмесі: 1-бөлім: «Жұмекен – құпиялы жұмбақтас» (ақынның өмірбаяны, отбасы туралы); 2-бөлім: «Жыр тұнығы – Жұмекен» (шығармашылығы); 3-бөлім: «Қияға самғаған қыран – ақын» (ақын туралы шыққан мақалалар, кітаптар, т.б.) ақын портреті, нақыл сөздер, мультимедиа, гүлдер, шарлар.

Жүргізуші: Жұмекен Нәжімеденов – көрнекті ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Жастар сыйлығының лауреаты, ҚР Мемлекеттік әнұранының авторы.

Ақын адам өмірін үш-ақ күнге балап, үш кезеңмен саралаған. Жарық дүниеге келуін, яғни бүкіл ғұмырынның игілік-ізгілігі және артында қалдырар ізін, ұрпақтар – жадында сақталар мәңгілік сапарын. Аппақ арының биік жұлдызы – темірқазық бағыттан табан аудармаған қиын тағдырлы, күрделі өмірлі қайсар ақын Жұмекен Нәжімеденовтың тұлғасы қазақ оқырмандары үшін әрдайым асқақ көрінеді. Қазақ поэзиясының көгінен құйрықты жұлдыздай қырық тоғыз мүшел жасына қараған шағында соңғы демі үзілгенше қаламын қолдан түсірмей, жанкештілікпен еңбек еткен ақынның көзі тірісінде 19 кітабы жарық көрсе, қайтыс болғаннан кейінгі жылдарда шығармалары өз оқырмандарына 15 мәрте жол тартыпты.

Жұмекен поэзиясын Ә. Тәжібаев атамыз «Ұлттық мақтанышымыз, алтын сандықтағы асыл байлықтар» деп бағаласа, Ғафу Қайырбеков «Тозуды білмейтін

мәңгілік қазына, сарқылмайтын мәңгі құбылыс дәрежесіне жеткен ақын» деп баға берді. Ал жерлесі Әбу Сәрсенбаев: «Жұмекен – замана салмағын бүкіл болмысымен сезінген, ұлт денесіндегі дертке өлеңімен күрес ашқан ақын», - деп сипаттама берді. Бүгінгі поэзияны жақсы түсініп, сүйіп оқитын жас оқырмандарымызды жыр жампозы Жұмекен Нәжімеденовтың асыл қазыналарымен танысуға шақырамыз.

Ақын өмірі және шығармашылығы туралы «Жұлдызды Жұмекен» бейнефильмін көрсету (10 минут)

Жұмекен Нәжімеденовтың өмірі мен еңбек жолы туралы слайд көрсету.

Жүргізуші:

«Бір бүйірде қызса деп ем өлеңім,
Бір ұйқыны бұзса деп ем өлеңім.

Ақылдыға қайғы алдырсам деп едім,

Ақымақты ойландырсам деп едім», - деп ғаламдық деңгейде ой айта білген ғаламат ақын Жұмекен Нәжімеденовтың туғанына биыл 85 жыл толғалы отыр. Баржоғы 48-ақ жыл өмір сүріп, артында бес баласын, қайғыдан бүгілген қарт анасын, аяулы жарын, жиырмаға жуық кітабын, жазылғанымен әлі баспа бетін көрмеген қолжазбаларын қалдырып кете барды. Сан қырлы талант иесі, тамаша күйші, тағдырлы ақын, қабырғалы қаламгер Жұмекен Сабырұлы Нәжімеденов – қазақ жырының көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ақын 1935 жылы, 28 қарашада киелі Атырау жерінде, Құрманғазы



ауданы, Қошалақ құмының Ашақ деген жерінде дүниеге келген.

Жүмекен атасы Нәжімеден Стамғазиевтің бауырында өсіп, тәрбие алған. Сөз бен тарих және туған халқының дәстүрлеріне деген ыстық сүйіспеншілік сезімді бала бойында қалыптастырған сол кісі болса керек. Немересіне өзінің атақты бабалары Қартпанбет жырау (алтыншы ата) мен оның әпкесі Қосуан (Махамбет Өтемісұлының туған шешесі) туралы сыр шертетін. Көпті көрген кемеңгер ақсақал Нәжімеден үнемі өсиетке толы, татулыққа үндейтін, ынтымаққа баулитын әңгімелер айтады екен. Жүмекен ақынның талантының алтын бастауында сол Нәжімеден атасы тұрса керек.

1954 жылы Нұржау кеңесіне қарасты Ленин атындағы орта мектепте оқып, бітіргеннен кейін 1954-55 ж.ж. «Жас қайрат» мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. 1955-56 ж.ж. Қарағандыда №33/34 шахтада комбайнердің көмекшісі болып жұмыс істейді. Бала кезден домбыра дегенде ішкен асын жерге қоятын ақын 1956-59 жылдары Қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетінде (домбыра) оқыған. Халық әндерін айтқанда бар ынтасымен шабыттана шырқаған. Жүмекен Нәжімеденов асқан күйші, оның «Күй кітабы» атты шығармасының негізінде 2006 жылы аудио-кітап жарыққа шықты. Аудиокітапта ақынның күй құдыретін түсіндіретін өлеңдері мен өнер қайраткерлерінің орындаған туындылары тыңдармандарға тарту етілді. Алғашқы өлеңі «Лениншіл жас» газетінде 1955 жылы жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Балауса» деген атпен 1961 жылы басылып шыққан. Содан бергі уақыт ішінде «Сыбызғы сыры», «Өз көзіммен», «Жарық пен жылу», «Күй кітабы», «Мезгіл әуендері», «Ұлым, саған айтам», «Қызғалдақ жайлы баллада», «Мен туған күн», «Жеті бояу», «Шуақ», «Ашық аспан», «Темірқазық», «Менің топырағым», «Мен — тамырмын», «Қыран-қия», «Қасірет

пен қайсарлық», «Жоқ, ұмытуға болмайды» атты әр жылдары шыққан өлеңдері, дастандары және «Ақ шағылдар», «Кішкентай», «Атақ пен дақпырт» атты проза жанрында жазылған үш романы басылып шықты. 1967 жылы «Жоқ, ұмытуға болмайды» атты дастандар жинағы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанған. 1959-74 ж.ж. «Жазушы» баспасының редакторы, «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгеруші, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1974-78 ж.ж. ҚазССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің редакторы, 1978-83 ж.ж. «Мектеп» баспасында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған. Оның шығармалары көптеген тілдерге аударылып, басылды. Ақын А. Вознесенскийдің, Е. Евтушенконың, Н. Хикмет пен Ә. Файзи шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу: Жүмекеннің өлеңдері — жан-дүниесінің айғағы, ойы мен парасатының айнасы. Ақын қалам тартпаған тақырып кемде-кем. Тарихи тағдырлар шындығы, халықтың мұңы, қуаныш-қайғысы, болашаққа үмітін, арман-мұратын жеткізген күйлер сазы, туған топырақ, туған жер тақырыбы, міне бұлар Жүмекен өлеңдерінің басты тақырыбы. Қошалақтың құмын, Дыңғызылдың жанға шипа ауасын, ақ әжесінің мейірімін, туған жерінің тауы мен даласын, күнінің шуағын, түннің жұмбақ көрінісін, тау самалын толғана жырға қосады. Жүмекен поэзиясы — біздің ұлттық мақтанышымыз, асыл байлығымыз.

«Бейбіт күн тілегі» әні орындалады. (Сөзі Ж. Нәжімеденовтікі, әні Ш. Қалдаяқовтыкі)

«Қазақ әдебиетінің шоқ жұлдызы» атты танымдық ойын сұрақтары.

1-сұрақ: Ж. Нәжімеденов қай жылы, қандай шығармасы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығына ие болды?

Жауап: «Жарық пен жылу» атты өлеңдер жинағы мен «Жоқ, ұмытуға болмайды» деп аталатын дастандар жинағы үшін

ақынға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығы тағайындалды.

2-сұрақ: Ақынның алғашқы жыр жинағы қалай аталады? Қай жылы жарыққа шықты?

Жауап: Тұңғыш жинағы «Балауса» 1961 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрді.

3-сұрақ: Автордың «Кішкентай», «Ақ шағыл» романдарындағы ақынның өз прототипі ретінде кім бейнеленеді?

Жауап: Ақынның прототипі — Идаят. Ол өмірдегі ажырамас досы болған адамның есімі.

4-сұрақ: Ж. Нәжімеденов Ұлы Отан соғысының жиырма жылдығына арнап поэмалар циклін берді. Ол жинақ қалай аталды?

Жауап: «Жок, ұмытуға болмайды!»

5-сұрақ: Ж. Нәжімеденов «Менің Қазақстаным» әнінен басқа қандай әндердің сөзін жазды?

Жауап: Бұдан басқа «Бейбіт күн тілегі», «Домбыра», «Сенің әнің» атты әндердің сөзін жазды.

6-сұрақ: Ж. Нәжімеденовтың өнер адамдарының өмірін бейнелейтін романы қалай аталады?

Жауап: «Даңқ пен дақпырт» романы.

7-сұрақ: Жүмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін алғаш орындаған әнші кім?

Жауап: Қазақ ССР-інің халық артисі Жамал Омарова.

8-сұрақ: Ақынның алғашқы прозалық туындысын ата.

Жауап: «Ақ шағыл» романы.

9-сұрақ: «Ақ шағыл» романында ақынның өз атасы Нәжімеден қарттың прототипі ретінде кім бейнеленген?

Жауап: Әжімгерей қарт.

10-сұрақ. Жүмекен Нәжімеденовтің жұбайының аты-жөні кім?

Жауап: Нәсіп Мұстахқызы.

«Менің Қазақстаным» әнінің тарихы. Жүмекен Нәжімеденов Қазақстанның қазіргі әнұран мәтінінің авторы. «Менің Қазақстаным» әні оның шығармашылық

жолының басында, ақынның 21 жасында жазылған. Ол кісінің жұбайы Нәсіп апайдың айтуынша, Жүмекен әнді 1956 жылы Алматыда, белгілі қобызшы Гүлсара Бірманованың үйінде жазған. Бұл өлең бір қарағанда Қазақстан миллиард пұт астық жинағанына арналып жазылған сияқты болып көрінгенімен, негізінен «ел, жер менікі» деген отаршыларға қарсылықтан туған. Оны сезіп қалған коммунистер әнді мүлдем шығармай тастауға айналғанда әнші Жамал Омарова ара түсіп, эфирден шырқауға мүмкіндік алған. Сөйтіп халыққа жетпей жатып қудалана бастаған әннің бағы жанып, бейресмиден тәуелсіздіктің арқасында ресми әнұранға айналды.

2006 жылдың 11 қаңтарында «Менің Қазақстаным» әні елдің мемлекеттік әнұраны сипатында алғаш рет астаналық «Ақорда» резиденциясының шаңырағы астында, Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Президенті лауазымына салтанатты түрде кірісу сәтінде орындалды.

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

Қорытынды. Жүмекен — мәңгілік халқының ортасында. Ақын туралы «Жүмекен» атты деректі фильм, Марат Азанбаевтың «Менің Қазақстаным — Жүмекен» зерттеу кітабы бар. Сонымен қатар «Жүмекеннің жүрегі» деген естелік кітап жарыққа шықты. Ақынның туған жерінде бір ауыл және орта мектеп оның есімімен аталады.

Жүмекен — мәңгі өлмес өлендерімен өзіне алтыннан да қымбат құнды Ескерткіш тұрғызған ақын. Қазақ деген халқымыз бен ана тіліміз аман тұрғанда Ұлы ақынның ғұмыры жалғаса береді, жалғаса береді.

Ұлсия Қуанқызы САБИРОВА,
Орталықтандырылған
кітапханалар жүйесінің
№15 филиал меңгерушісі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Өнегелі отбасы



Нұржан Қожадиясқызы САТЫБАЕВА,
№32 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, физика пәні мұғалімі.
Түркісіб ауданы, Алматы қаласы.

Мақсаты: оқушыларға адамгершілік пен эстетикалық рухта тәрбие бере отырып инабаттылыққа, парасаттылыққа баулу. Мейірімділік пен қайырымдылықты саналарына сіңіруге жағдай жасау.

Түрі: сайыс.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар, оқушылар, «Өнегелі отбасы» тақырыбына өткелі отырған сайысты бас-тауға рұқсат етіңіздер.

Қазағымның салт-дәстүрі жаңғырған,

Тәлімді ой сынағы,

Тәрбие көзі қалдырған.

Салт-дәстүрді ардақтайық ағайын,

Қазақ атты: үлкен, кіші, балдырған.

Жиналыппыз, сәтті күні бәріміз де,

Үлкен, кіші, жасымыз, кәріміз де.

Төрлетіңіз, қадірменді қонақтар,

Гүл-гүл жайнап мына біздің төрімізге.

Сайысқа қатысушыларды шақыру. Әділ-казы алқасымен таныстыру.

Біздің сайысымыз төмендегі бөлімдерден тұрады:

1. «Ана көркем көрінер баласымен»;

2. «Зерделінің ойы озық»;

3. «Құлақтан кіріп, бойды алар»;

4. Бата-тілектің мағынасын ашу;

5. «Ата мұрасы – асыл қазына»

Жүргізуші:

Бұл сайыста үзеңгі қағыстырып, Көрейік, ана-аруды жарыстырып, Бұл залда білетін бар, білмейтін бар. Әрбір жұп көрсін өзін таныстырып.

«Ана көркем көрінер қызыменен» бөлімі бойынша сайысқа қатысушылар өздерін таныстырады.

Жүргізуші: «Білімдіден шыққан сөз,

Талаптыға болсын кез» - деп, «Зерделінің ойы озық» бөлімі бойынша қатысушылар сұраққа жауап береді. Әр сұрақтың дұрыс жауабы 1 ұпай.

№1. Жегеннің тісіне, жемегеннің түсіне кіретін ас? (Ет)



- Саусақта самсап тұрмаса, басқа шабатын ауру? (Сакина)

№2. Ысқырығы жер жарып жүрген адамның айдаған малы? (Бес ешкі)

Тауықтың түсіне кіретін дән? (Тары)

№3. Қырсыққанда ішетін сусын? (Қымыран)

Бір қарын майды шірітетін зат? (Бір құмалақ)

«Құлақтан кіріп, бойды алар» бөлімі бойынша мақалдың жалғасын табады.

№1. Көп сөз – көмір... (Аз сөз – алтын)

Оқу – білім азығы... (Білім – ырыс қазығы)

№2. Білекті бірді жығар... (Білімді мыңды жығар)

Көп қорқытады... (Терең батырады)

№3. Ата көрген оқ жонар... (Ана көрген тон пішер)

Білімдіге дүние жарық... (Білімсіздің күні қаріп)

Жүргізуші:

«Таза мінсіз асыл тас,

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады», - деп келесі бөлім бойынша аналар бата-тілектердің мән-мағынасын ашады.

№1. «Бөршіл, бөршіл, бөршіл боп,

Бозторғайдай төлшіл бол» деген бата-тілектің мағынасы не?

(Балаларың көп болсын, уайым-қайғы

жоқ болсын)

№2. «Алтын ерлі ақбозат,

Астында жүріп арысын.

Таудан алған бұрау бел,

Қасында жатып қартайсын» деген бата-тілектің мағынасы қандай?

(Ердің өмір жасы ұзақ болып қосағымен бірге қартайсын дегенді білдіреді)

№3 «Жеңіміз о шеті мен бұ шетіне,

Оқ шаптырса, жетпесің.

Тәңірі берген несібен,

Тепкілесе, кетпесін» деген бата-тілектің мағынасы не?

(Бақытың мен байлығың ортаймасын, дәулетің арта берсін деген сөз)

Жүргізуші:

Ата салтым, асыл мұрам, ардағым,

Бабалардың жалғастырар арманын,

Сан ғасырда қалпын бұзбас, қадірім,

Өткенімді бүгінменен жалғадым.

«Ата мұрасы – асыл қазына» бөлімі бойынша салт-дәстүрге байланысты сұрақтар қойылады.

№1. Қымызмұрындық деген не? (Бие байлап, алғашқы қымыз ішу тойы. Бұл той көпке бұйырсын деген тілекпен басталады)

№2. Саумалық деген не?

(Наурыз туып, жер көктеп, күн жылынғанда өлеңмен айтылатын дәстүрлі тілек)

№3. Шарғы деген не? (Ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» - деген сөз. Осыны «шарғы» деп атайды.

Қорытындылау. Әділ қазы алқасы қорытындылайды, жеңімпаздарды марапаттайды.



Қазақтың кие тұтқан сандары



**Муслима
Темирбаевна
ШУЛУМОВА,**
Облыстық дарынды
балаларға арналған
мамандандырылған
мектеп-гимназия-
интернатының
тәрбиешісі.
Подstepное ауылы,
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан
облысы.

Мақсаты: оқушылардың ойлауы мен тапқырлығын, жылдамдығын, таным белсенділігін арттыру.

Дамытушылығы: сөз сөйлеу тілдік қабілеттерін дамыту, тапсырмаларды дұрыс орындау, өз пікірін еркін жедел жеткізе білуге үйрету;

Тәрбиелігі: оқушыларға өз елін, жерін қастерлеуге «7» санын қастерлеп, қазақтың киелі сандарын есте сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: мақал-мәтелдер, суреттер, кестелер, бейне слайд.

Тәрбиеші: Жалпы сандар ұғымы өте ерте заманда туған. Қазақ халқы киелі сандарға үлкен мән берген. Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мінге ерекше сипат бере отырып, жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. 3, 4, 5, 6, 7, 9 сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрлеріміз, ырым-тыйым сөздерімізден, мақал-мәтелдерден анық көре аламыз.

Мысалы:

Ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да,

Қарызыңнан құтыла алмайсың;

2. Бір түлкі жеті бөренені алдайды;

3. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; Төртеу түгел болса — төбедегі келеді;

4. Жерден жеті қоян тапқандай қуанды.

Әр сандардың қадір-қасиетін біле отырып, әрбір сан жайлы ой-толғанысын тудыру, білімге құштарлықты оятады.

Әр санның сырын ашу:

1 саны — қазақ халқының ұғымында Алла жалғыз, одан басқа тәңір жоқ.

Қай тілде болсын бірлік сөзінің түпкі түбірі саналады. Адам өмірін басқаратын, әр пенде ұмытылатын сан болып есептеледі.

2 саны — күні-түні дем алмайтын екеу: Ай және Күн, жақсы мен жаман, күн мен түн, ақ пен қара, т.б. Екі санына қазақ халқының көзқарасы, міне осындай болып келеді.

3 саны — жалпы қазақ халқында үш саны қасиетті болып есептеледі.

Үш жүз, Үш жұрт, т.б.

4 санына байланысты:

Төрт құбыла, дүниенің төрт бұрышы.

5 санына қатысты Абай атамыздың өлендерінде осы санның қасиеттері көрсетілген

(5 нәрсеге асық бол! 5 нәрседен қашық бол!)

6 — игілік (денсаулық, қазына, дос, әйел, білім, бала — ұрпақ)

* Адамның бір-біріне деген 6 парызы бар.

* Бір-біріне сәлем беру;

* Шақырса — бару;

* Кеңес сұраса — ақыл беру;

* Сұрағанға — жауап беру;

* Ауырып қалса — көңілін сұрау;

* Қайтыс болса жерлеуге қатысу.

7 саны — қазақтың таным-түсінігінде

жеті санының алар орны ерекше. Жердің жүзін мекендеген халықтардың көбі, соның ішінде қазақтар ерте кезден-ақ жеті санында сиқырлы күш бар деп санаған. Біздің ата-бабаларымыз жеті санын қастерлеп, бірқатар таным түсінігі мен табиғат құбылыстарын, аспан денелері мен заң жүйелерін жеті санымен сәйкестендірген. Бүгінгі сайысымызға 4 топ қатысады.

- Мұнда әр топтағы оқушының мақалдап шешен сөйлеулерін, білімдерін сынау, өз өнерлерін көрсету, шапшаңдықтарын бақылау.

- **Әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.**

- Құрметті қатысушылар, сайысымыз 5 кезеңнен тұрады.

I кезең: Таныстыру (Топтың аты, ұраны)

II кезең: Мақал-мәтелдің жалғасын табыңыздар.

Жеті атасын білмеген — жетесіз.

* **Ағайын алтау, ана** — біреу;

* **Ағайынның алтын сарайынан** анаңның жыртық лашығы артық;

* **Ана сүтін ақтамағанды** ешкім жақтамайды;

* **Анаңды Меккеге** үш рет арқалап барсаң да, қарызыңнан құтылмайсың.

III кезең: «Көркіне ақылы сай» сұрақтарға жауап беру. 3 саны бойынша:

* **Қазақтың үш биін ата?** (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би)

* **Үш жүзді атаңыз?** (Ұлы, Орта, Кіші)

* **Үш арсызды атаңыз?** (Ұйқы, тамақ, күлкі)

* **Үш даусызды атаңыз?** (Мінез, кәрілік, ажал)

* **Үш көз:** (су анасы — бұлақ, жол анасы — тұяқ, сөз анасы — құлақ)

* **Үш тоқтам:** (ақыл, ой, адам)

* **Үш тәтті:** (Жан, жар, бала тәтті)

* **Үш қуат:** (ақыл, жүрек, тіл)

* **Үш жұрт** (өз жұрты, қайын жұрт, нағашы жұрт)

* **Үш байлық** (денсаулық, ақ жаулық, онсаулық)

4 саны бойынша:

3*4 көбейтіндінің мәні нешеге тең? (12)

Төрт түлік мал төлдерінің аталуы қандай?

Жылқы — құлын; **Сиыр** — бұзау; **Қой** — қозы; **Ешкі** — лақ.

Төрт жыртқыш құстардың атын атаңыз? (Бүркіт, лашын, қыран, қырғи)

Төрт түлік мал пірінің аталуы қалай?

Түйе — Ойсылқара

Жылқы — Қамбарата

Қой — Шопаната

Ешкі — Шекшеката

Сиыр — Зеңгі баба

5 саны бойынша

Бес асыл, бес арсызды атаңыз? (Бұл санға байланысты Абай атамиздың өлеңін оқу)

Бес қаруды атаңыз? (Мылтық, садақ, найза, қылыш, айбалта)

7 саны бойынша: Бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, тіл ашар тойы, т.б.

7 атаны атаңыз? (Бала, әке, ата, арғы ата, тек ата, түп ата, баба)

7 ұрпақты атаңыз? (Әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат)

IV кезең. «Өз өнерін көрсету»

Ақын-жазушыларымыздан өзі таңдаған өлеңін оқу және өзіне ұнаған санға өлең шығару.

V кезең. Әр топ мектеп оқушысының 7 тараудан тұратын ережесін құру.

Қорытынды сөз әділ қазылар алқасына беріледі.

Тәрбиеші сөзі: Сандардың ішіндегі 7 саны — қазақта киелі сан. Енді бүгінгі тақырыбымыздан қазақтың қасиетті сандары туралы толық ақпарат алдыңыздар деген сенімдеміз.

Мен оқыған бір кітап

«Ілияс Есенберлин – қазақ әдебиетінің ғана емес, қазақ халқы тарихының төрінен алатын дара тұлға. Олай деуіміздің бірнеше себептері бар. Қазақ хандығының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күресі тақырыбына қалам тартты. Қалам тартып қана қойған жоқ, өзінің эпикалық құлашы, халық өмірінің сан алуан қырын кең қамтуы, қазақ тарихының кемеңгер көсемдерінің қайталанбас бейнесін сомдауы жағынан өзге туындылардан оқ бойы алда тұрған талантты шығармасы – «Көшпенділер» тарихи трилогиясын дүниеге әкелді. Бүгінде дүниежүзінің көптеген халықтарының тіліне аударылып, әлденеше рет басылған жазушының осы еңбегін хандық дәуірдегі қазақ өмірінің энциклопедиясы десек артық айтқандық бола қоймас».

Н.Ә. Назарбаев

Ақтөбе қаласы, М. Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапханасының Инстаграм парақшасының тікелей эфирінде Ілияс Есенберлиннің «Өзен жағасында» повесін оқып, талқылау мақсатында «Мен оқыған бір кітап» библиофейс кеші өткізілді.

Кеш барысында Ілияс Есенберлиннің өмірбаяны таныстырылды. Кітапхана оқырманы Ұзақбай Аслан І. Есенберлиннің «Жыр соңы» атты өлеңінен үзінді оқыды. Ілияс Есенберлиннің шығармаларын кітапхана оқырмандарына таныстыру мақсатында бейнеролик көрсетілді.

І. Есенберлиннің «Жан сырым» кітабындағы естеліктерін оқырмандарға насихаттау мақсатында кітапхана редакторы Скакова Айымгүл Зайролла Дүйсенбековтің «Асыл аға» деген әңгімесін баяндаса, оқырмандар Калмуханова Ару «Абай туралы» ой толғауын, Серікбаева Каусар «Тіл туралы» шығармасын насихаттады. М.Ломоносов атындағы қалалық орталық кітапхананың библиографы Жәлелова Назерке «Мен оқыған бір кітап» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

Библиофейс кешімізді түйіндей келе Ілияс Есенберлиннің бүкіл саналы өмірі

қиындыққа толы, шығармашылығы барып тұрған қатерлі өткел болатын. Жазушының повестері мен романдарының тек аттарына көз жүгірткеннің өзінде көптеген деректерді біле аламыз. Ең бастысы, оның алысты болжағыштық қасиеті таңқалдырады. Ол үшін шығармаларының ең маңызды құндылығы нақты адам, жеке тұлға тағдыры болды. Жазушының бүкіл шығармашылық өмірбаянын «Адамдар жайлы поэма» деп атауға толық негіз бар.

Ілияс Есенберлин — артында қалған мол мұрасының эпикалық тынысы қай заманда да тарылмайтын, бір өзі бір көркемдік әлемді жасап кеткен қазақ әдебиетінің белді қаламгері, оқырманның қалаулы жазушысы. Кезінде ұлы суреткерді сайқал саясат, қоғам халқынан қаншалықты алыстатқысы келгенімен уақыт — төреші, таразы басын теңестіріп, екеуін де бір арнаға түсіріп, біріктіріп, бітістіріп жіберді.

Ендігі жерде қазақ деген халық барда, жазушы І. Есенберлиннің де есімі мәңгі жасайтынына күмән жоқ.

**Назерке Абатқызы ЖӘЛЕЛОВА,
М. Ломоносов атындағы қалалық
орталық кітапхананың библиографы.
Ақтөбе қаласы.**

Өлкетану бұрышының жұмысы

Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қозғалған өлкетану ісін дамыту мәселесін кітапханашылар толық қолдайды.

Туған өлке төсіндегі тылсым табиғат пен тамыры терең тарихты, шаруашылық пен саясатты, мәдениет пен тұрғындардың тіршілік ету әрекетін қосып, адамға ауқымды білім мен тәрбие беретін өлкетану тақырыбы өзінің өзектілігін жойған емес. Бұл ретте, біздер де бай өлкенің кешегі көрінісі мен бүгінгі бейнесін жастарға насихаттаудан еш танбаймыз.

Қазақ елі тәуелсіздігін алғалы, халқымыздың қолөнері қандай жетістіктерге жетіп отырғаны белгілі. Себебі, қазір біз ұмыт бола бастаған қолөнерді қайта жаңғырта бастадық.

Қолөнер — халқымыздың қасиетімен ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан мұрасы.

Осы мұраны насихаттау мақсатында №6 Қарғалы селолық модельді кітапханасының жанынан 2018 жылы өлкетану бұрышы ашылды.

«Өнер — таусылмас азық, жұтамас байлық» - деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады.

Кітапхананың Инстаграмм парақшасында «Еңбек мерекесі — елдің берекесі» тақырыбында жергілікті қолөнер шебері Замзагүл Достықызымен онлайн кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында өзінің ісмерлігімен, ою ойып, тоқу тоқып келешек ұрпаққа үлгі — өнеге көрсетіп отырған Замзагүл апайымыз өз қолынан шыққан құрақ көрпе, қазақша өрнектел-





сын сақтаймыз» тақырыбында жергілікті қолөнер шебері Өтесінов Ерболат Бағдатұлының қолынан шыққан ұлттық бұйымдардың көрмесі ұйымдастырылып, оқырмандарға кеңінен насихатталды.

Өлкетану бұрышы туған ауылымыздың тарихы туралы «Ауылым – құтты мекенім» атты альбом, «Туған өл-



ген жастық, тоқылған тоқыма кілемшелер, т.б. көптеген бұйымдарымен бөлісті.

Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік-моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезіміне, алға қойған мақсатының айқындалуына әсер етеді.

«Жігітке жеті өнер де аз», «Аталық айтар ісің болсын», - деп, өнерді құдіретті күш, адамның жан серігі, ертеңгі жейтін тамағы, ішетін сусыны, рухани байлық деп бағалаған.

Өлкетану бұрышында «Бабалар мұра-

кем – қандай көркем» атты суретті стенд, «Ауылдың құрылу, аталу тарихы» туралы деректермен толықтырылды. «Ауылым – алтын бесігім» атты елді мекеннің тарихы туралы материалдар жинақталуда.

Ляззат Ғизатқызы ҚОБЛАНДИНА,
«Қалалық орталықтандырылған
кітапхана жүйесі»
КММ №6 селолық модельді
кітапхананың меңгерушісі.
Қарғалы селосы,
Ақтөбе қаласы.

Қазақ халқының өміріндегі тыйым сөздердің орны

Мақсаты: қазақ халқының салт-дәстүрлеріндегі тыйым сөздерімен танысу, оларды өмірде қолдана білуге баулу.

Ұлттық дәстүрді сақтау, оны құрметтеу, ұрпақтың есіне салу.

Мұғалім сөзі: Қазақ халқының көптеген тыйым сөздерінің тәрбиелік мәні ұмытылып барады. Сондықтан бүгінгі сынып сағатымыз қазақ халқының тыйым сөздеріне арналады. Қазір мен сіздерге тыйым сөздерінің мағынасын ашып беремін.

Табу — ағылшын сөзі, бұл сөз полинезия тайпаларының тілінде «тыйым сөздер» деген ұғымды білдіреді. Тайпа абыздары мен көсемдерінің заңын бұзу, салтын бұзу — Құдайдың қаһарына ұшыраумен бірдей болған. Тайпа заңы бұзылса, тайпа мүшелерінің біреуі абыз бен көсемге қарсы дау айтса, бұл — күнә деп саналған.

Баяғы заманнан бізге жеткен мынандай бір аңыз бар, мысалы: «Баяғыда бір келіншек шелегін алып, суға барса, өзеннің ар жағында бір қойды қасқыр жеп жатса керек. Әлгі келіншек қойды қасқырдан құтқарып, бауыздайды да, ауылға келіп, былай деп хабарлаған екен: «Сылдыраманың әр жағында, сарқыраманың бер жағында, маңыраманы ұлыма жеп жатыр екен, жаныманы білемеге білеп-білеп алып, бауыздап тастадым!» - деген екен.

Осы сөйлемдегі келіншектің меңзеп отырғаны — сылдырама — қамыс, сарқырама — өзен, ұлыма — қасқыр, маңырама — қой, білемеге — қайрақ, жаныма — пышақ еді.

Бұл жанама аттарды айтуының себебі осы келіншектің Қамысбай, Өзенбай, Қойшыбай, Қасқырбай, Пышақбай, Қайрақбай атты қайын атасы, қайын ағалары болған екен. Инабатты, есті келіншек олардың атын атамай, ауызға алуға именіп, әдеп сақтап, салтты сыйлап, табан астынан осылай хабарлаған екен.

- Осы аңыздан-ақ халқымыздың әдеп-ғұрпын, наным-сенімін, өздерінің ұлттық болмысы арқылы тәлім-тәрбиеге қалай қарағанын байқаймыз. Ұлттық тәрбиенің бәрі де отбасында қалыптасады.

- Бүгінгі сынып сағатында біз қазақ халқының тыйым сөздерінің бірнеше түрімен танысамыз:

- Салт-санадағы кездесетін тыйым сөздер;
- Үй-тұрмысында кездесетін тыйым сөздер;
- Жер-суға байланысты тыйым сөздер;
- Асқа байланысты айтылған тыйым сөздер;
- Космогониялық тыйым сөздер.

1-оқушы: Халық айтады: «Бос бесікті тербетпе». Бос бесікті тербету — ұрпақсыз қалған адамның ішкі жан-дүниесінің күйзелісін аңғартады. Тек баласы жоқ адам ғана Аллаһтан бала тілеп іштей налиды. Баланың бесігін аяқасты тастама, жатқа берме, бетін ашық тастама деген сөздердің мағынасы — үйдегі бесікте өсіп жатқан ұрпағыңның берекесін білдіреді.

Оның бетін жауып қой, жын-шайтандар мекендемесін дейді. Келін түскенде, жас отауға ырым етіп, төріне бесік қояды. Бұл жас келін осы шаңырақтың ішін балаға толтырып, үй ішін базарға айналдырсын деген тілекті білдіреді.

2-оқушы: Басыңды маңдайыңнан бастап жуу керек.

Жаксылықтың бәрі де маңайдан басталады дейді. Қазақта: «Тағдырыңның бәрі маңдайыңа байланысты» дейді, немесе «Пешенесі бес жастан басталады» деген ұғым да бар. Құран-аят оқығанда, екі алақанымен бет сипайды, оның мағынасы — «бетіңе Құранның нұры жаусын!» дегені. Ал әулие адамдардың жатқан жерін сипалап, өз маңдайын сипаса, биоэнергиялық

куат пайда болады, періштелер қорғайды деген ұғым да пайда болған.

Ал шайтан болса, басыңды желкеннен бастап жу, «ішкен-жеген асың, желкеннен шықсын!» - деп, адамдарды азғырады екен.

3-оқушы: Шашыңды отқа салма, жерге тастама дейді. О дүниеге барғанда Аллаһ: «Берген шашты қайда тастадың?» - деп, сұрайды екен. Егер шашты жинап, орамалға түйіп жүрсе, оған періштелер куә болады дейді. Шашты отқа тастау — ер адамның жинаған мүлкін ысырап жасау.

4-оқушы: Қонаққа сынық кесемен шай құйма дейді. Қазақта «қырықтың бірі — Қыдыр» дейді. Отырған қонаққа шайды оң қолыңмен бер. Бұл келген қонаққа ықыласты білдіреді. Біреу қонағын аспен тойдыра алмаса, біреу қонақты ықыласпен тойдырады деп меңзейді.

5-оқушы: Қазақта «айналайын» деген сөз бар. Бұл сөз ата-анасы баласын айналады, өз баласын бәле-жаладан, аурудан сақтай отырып, балаға келген ауру бізге келсін деген ықыласы, тілегі. Басқа біреуді «айналайын» деп айту дұрыс емес.

Мұғалім сөзі: Енді, осы Қасиетті Далада өмір сүрген түркі елінің ұрпағы болған қазақ халқының туған жерге арналған тыйым сөздеріне назар аударайық:

Ауыл қарттары «су ішкен құдығына түкірме» дейді. Бұл сөздің мағынасы — өз еліңді жамандама, көмусіз қаларсың дегенді де аңғартады.

«Қара суды сапырма», оның мағынасы — ішерге асыңның, тісіне басар ештеңенің болмағанын айтады екен. Кейде біреуді қарғаса: «қара қазанның қасында қара суды сапырып қал!» - деп те жатады.

Келесі тыйым сөздер: «Құстардың ұясын бұзба», - дейді. Қашан да болсын жұмыр жерді мекендеген халықтардың бәрі де құсқа табынған.

Мысалы, аққу — махаббат белгісі, қарлығаш — адамды қорғаушы, досы болса, бүркіт — қырағылықты, сақтықты, ержүректілікті, тектілікті білдіреді.

Қазақ халқының ауыз әдебиет үлгілерінде ат пен құс қатар келіп, дала адамда-

рының өміріне өшпестей із қалдырғанын байқаймыз.

1-оқушы: Ағаштың бұтағын жұлма, сындырма, ағаштардың бұтақтары — ұрпақ белгісі. Бұтақты сындырсаң — бір құс азаяды, ұя сала алмайды, басқа жаққа ұшып кетеді дейді.

«Көлдегі қамысты отама» — құстан айырыласың, өзеннен балық кетеді. «Жағадағы орманды кеспе», аңнан айырыласың, - деп, сонау ерте кезден-ақ қазақ елі туған жердің жасыл әлемі мен аң-құстарын сақтауға кеңіл бөлген. Жерің орманға айналсын, аспаның құстар базарына айналсын, бұлақ көрсең — көзін аш, өзен-көлінді таза ұста, туған жеріңнің бетін шимайлама, шалғынында ойнайтын балаң болсын, жұртыңды таза ұста», - деп, ұрпаққа өсиет қалдырып отырған.

2-оқушы: Жердің түгі болған көк шөпті жұлма, оны жапырма, «обал» болады дейді екен. Егер ата-анасын сыйламаған ұл мен қыз болса, оларға «көктей солғыр!» деп мұңаяды екен. Сонда дала қазағының санасында бала деген ұғым желкілдеп, өсіп келе жатқан жас шөпке баланған. Сондықтан да, сөздік қорымызда «жас келді», «жас өсіп келеді», «әлі де жас қой!» деген ұғым да кездеседі.

Мұғалім сөзі: Асқа байланысты айтылған тыйым сөздер де көп.

Дастарханға бірінші нан қой. Нан — дәмнің басы. Адам ата мен Хауа ана да ең бірінші рет бидай дәнін ауыздарына салған екен. «Нан болса, әл болады, әл болса сән болады» - деп, бекер айтпаса керек. Нанды шашпа, бір қолыңмен үзбе, нан үстіне басқа затты қойма.

Ас ішіп болған соң, ас қайыр. «Құдайдың берер ырзығы таусылмасын, дәм-тұзым таусылмасын, көрер таңым көп болсын» - деп, ықылас жасау керек.

Ас алдында «бисмиллаһ» деп ал. Ас адал болады. Мүмкін кенеттен қақалып қалмайсың, астан шошынбайсың. Ас ішіп болған соң, ыдыс-аяқты төңкерме. Бұл енді маған тамақ ішуге болмайды, ең соңғы татар дәм-тұзым деген мағынаны білдіреді.

Дәмді тамақтың ортасынан алма, тамақтың ырысы ортасында болады. Ас ішуді үй иесі бастап, үй иесі аяқтайды.

Үйде болсын, қонақта болсақ та кесені, қасықты төңкерме. Ас ішіп болған соң, «тойдым!», «болдым!» десе бұл жаман ырым. Оны тексіздік дейді. «Болдым!», «Тойдым!» деу өміріңнің ең соңғы тамағыңнан ауыз тигендей. Немесе өмірмен қоштасардай ұғымды білдіреді. Өз ырзығыңды өзің тауысып, жарық дүниемен енді болдым, енді тойдым! - деу көргенсіздік. Бұл — айтары болмаған жетімдердің сөзі.

3-оқушы: Келесі танысатын тыйым сөздердің түрі — космогониялық тыйым сөздер.

Дала перзенті далада малын бағып, жолға шыққанда, далада түнегенде де, ғарыш әлемімен ойлары ұштасып, киіз үйінде де шаңырақтан Күннің жарығы мен жылуын, Айдың сәулесін, жұлдыздардың алыстағы орындарына назар салғанын олардың бай мұраларынан байқауға болады.

Халық аспанға, Айға, Күнге тәңірісіне табыну, аруақ шақыру сияқты төтемдік, сиқырлық, шамандық, бақсылық наным-сенімді ғасырлар сатысына жеткізе берген.

Әлем, ғарыш, жер, адам — біртұтас дүние дей отырып, табиғат қалай құбылса, адамның ойы да өзгеріп, жаңғырып отырған. Дүниені түсінудің байырғы жануарлық сатысы — хайуанға табыну, бірте-бірте шектеліп, ақыры адам өзінің рухани болмысы арқылы өмірде жетекші орынға ие бола бастады.

4-оқушы: От — күн белгісі. Түркі әлемінде от құдайын Ұмай-ана дейді. Сол себепті «отты шашпа, отпен ойнама, отқа түкірме» дейді. Отты қасиет санаған, отқа табынған.

Бағзы замандарда үй иесі — Отағасы десе, әйел адамдарды Отанасы деп санаған. Отқа табынудан «Отың өшпесін!» деген ұғым пайда болған.

От — берекенің белгісі, ынтымақтың белгісі. От емші, от адам жанын аурудан, пәле-жаладан тазартады деп сенген. Киіз үй ішінде от орнына отыруға болмайды

десе, оның мағынасы от киелі, от қасиет дегені.

5-оқушы: Қазақтар бейуақта ұйықтама, бұл ауру адамға тән деген. Күн батарда дауыс көтеріп жылама, адам шығыны болады. Кеш түскенде ауруға көңіл айтпа, ол көңіліне келеді. Барсаң, көңілін сұрасаң — түске дейін бар. Бұл ауру адамға өмір тілегенің, түстен кейін барып көңілін сұрау — дұшпанның ісі.

Сонымен қатар қазақтар «түн ішінде тырнағыңды алма!» - деп жатады. Егер дастархан үстінде қасығың құлай берсе, кеседегі шайың құлап, төгіле берсе, кенеттен қолыңды пышақпен кесіп алсаң, қаң шығарсаң, ыдыстарды жуғанда құлай берсе, ыдыстар сына берсе, бастаған ісің оңбаса, ойлаған ойың орындалмаса — бәрі тырнақты түнде алғаннан дейді.

Сонда бір нәрсені түнге қалдырма, онда ісің оңбайды деп ескертіп жатады.

6-оқушы: Қазақ баласын бесікке бөлерде, бесіктің ішін отпен аластатып, үйге келін түскенде де, отқа май құйып, екі жастың бетін маймен сылап: «От ана, жарылқа! От ана, екі жасты пәле-жаладан сақта!» - деп тілек айтады.

Ауыл адамдары күзге қарай жайлаудан қыстаққа көшерде, жерошақты топырақпен көміп, таспен бекітіп, от орнына топырақ төгіп, от орнын тағы аңдар баспасын деп ырым жасайды екен.

Мұғалімнің қорытынды сөзі: Сонымен халқымыздың ғасырлардан бізге жеткен наным мен ырымдары, сенімі мен түсініктері — жас ұрпақты тәрбиелеуге арналған халық педагогикасы. Бұл тыйым сөздердің бәрі де көнеден келе жатқан, ұрпақ санасында жатталған ұлттық қасиеттердің бірі. Біз тыйым сөздердің бәрін де теріп, сіздерді таныстырдық деп айта алмаймыз, ол мүмкін емес. Тыйым сөздер бәле-жаладан, тіл-көзден сақтап, ұлттық салтты құрметтеуге ықпал жасап, халқымыздың дүниетанымы мен болмысының қалыптасуына ерекше қызмет атқарғанын байқаймыз.

Міне, біз ғасырлар қойнауына сүңгіп,

халқымыздың тыйым сөздері, сенім-нанымдарына ой тоқтатып, өлместей өміріне, сөнбестей шырағына, өздері жетпеген арманға, өздерінің танымы жетпеген ойларға назар салдық.

Ғасырлардың беттеріне жазылып қалған тыйым сөздер халық санасында мөрдей із қалдырып, ескірмей, ұмытылмай бізге де жетіпті.

Бұл ұғымдар, енді, ұрпақ көшіне ілесіп, оларға шырақ болып, ата дәстүрін сыйлап өссін деп, халқының ойын ортаға салдық.

Есіңе сақта!

1. Жас сәби малдас құрып отырмайды, мешел болып қалады.

2. Аяқты айқастыру, тізе құшақтау, аяғын тартып отыру — жаман ырым. Мағынасы — жолда жүрген жолаушының жолы болмайды, адамның ісі оңға баспайды.

3. Төрде әйелдер мен күйеу балалар отырмайды;

4. Жетімге босағада, есік көзінде, табалдырықта отыруға болмайды. Әсіресе, адам жауырынын есік жаққа қаратып отырмайды. Мағынасы бұлай отырса, сол үйден шығын шығады, не бір адамға ауру жабысады деген ұғымды білдіреді;

5. Мандай сүйеп, жақ таянып отыруға болмайды. Мағынасы — ауыр қазаға, үлкен күйзеліске ұшыраған адам ғана солай отырады;

6. Ерлі-зайыпты адамдардың ортасында бөгде біреу отырмайды, тек қана есі кеткен адам ғана солай отырады;

7. Қыз бала, әйел адам ер адамға қарсы қарап отырмайды, бұл әдепсіздіктің белгісі;

8. Үйде отырған адамдарды санамайды. Мағынасы — үйден шығын шығады деп сенген;

9. Үйдегі сандықтың, жүктің үстіне, келіннің төсегіне, қарттардың төсегіне жастар отырмайды. Сандықта, жүктің арасында қасиетті Құран кітабы болуы мүмкін;

10. Түскі асқа отырған адамдар үйге кірген адамға орнынан тұрып амандаспайды, үйге кірген адам да қолын ұсынбайды;

11. Егер біреу амандасқанда: «Денің сау

ма?» деп амандасса, бұл әдепсіздік. Бұл сөздің мағынасы — «жындысың ба?» деген ұғымды білдіреді. Шығыс халқы қол ұстасып, беттен сүймейді. Бұл гигиена жағынан да дұрыс емес;

12. Көршілер бір-бірімен қоштасып, амандаспайды;

13. Қолыңды артқа айқастырма, аяқ-қолыңды жіппен байлама дегенде, тек қана қылмыскер ғана, бас еркінен айырылғандар ғана осылай істейді;

14. Тізенді құшақтама, табаныңды тартпа! дейді. Бұл әйелдері өлген ер адам ғана тізесін құшақтағанды аңғартады;

15. Үйге сыртыңмен кірме. Үй ішінде адамдар болады. Кісілерге жүзіңмен қара, кінәлі адам ғана бет-жүзін адамдарға көрсетпеген, тіке қарамаған. Жас адам, әуелде үйден шыққанда сыртын беріп шықпайды, бұл — тәрбиесіздіктің белгісі;

16. Босағаны керме. Табалдырықты баспа, босағаға сүйенбе деп жатады. Оның мағынасы — «шаңырағың ортаға түссін, отың сөнсін!» дегені.

17. Кемтар адамға күлме. Адамның басы — Аллаһтың добы. Сен бүгін саусың, ертең не болатыныңды кім білсін?

18. Қабірді баспа, бейіт ішінде дәрет сындырма, мал жайма дегені аруақтарды қорлама, «ертең сен де осында жатарсың!» - деп, пендеге назын айтады. «Аллаһты ренжіткен оңалар, өйткені Аллаһтың кешірімі мол», - десе, «Аруақ аттаған — оңалмас» дейді, өйткені сені де ертең қасына алар деген ойды меңзейді;

19. Дәретханаға кіргенде сол аяғыңмен кіріп, оң аяғыңмен шық дейді. Сол аяғыңмен кіргенде, адам бойындағы бүкіл ауыртпалықты осында қалдырады десе, ал оң аяғыңмен шығуды жақсы ырымға балаған.

Б. ЕЛУБАЕВА,
Дубовка орта мектебінің қазақ тілі
мен әдебиет пәні мұғалімі,
мектеп директорының тәрбие
жұмысының орынбасары.
Бұқар жырау ауданы,
Қарағанды облысы.

Сыйлаған қонағын құдайындай

Мақсаты: өскелең ұрпақтың келешегін ойлау, олардың көпшіл, үлкенді құрметтеу, кішіге қамқор болу, ағайын-туыстардың ел-жұрттың арасындағы ізгі қатынастарды нығайту.

Көрнекілігі: Бүркіт, тазы суреттері. Түскиіз, домбыра, қамшы, түлкі терісі, ұршық, асық, қойдың макеті. Қонақты күтіп алуға арналған сюжетті суреттер.

Үстел үстінде: қымыз, бауырсақ, құрт-ірімшік, басқа да тағамдар.

Кейіпкерлер:

Үйдің атасы — қамшы өріп отырады.

Бәйбіше — ұршық иіріп отырады.

Қыздары — біреуі жүн түтіп, біреуі күбі пісіріп тұрады.

Кішкене ұлдары — есік алдында асық ойнап жүреді.

Қонақтары — жолаушы серілер.

Қонақ келсе — құт

Ата-бабамыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі — қонақжайлық. Бұл дәстүрдің шығу тегін халық аңызы Алаша ханның атымен байланыстырады. Қартайған шағында Алаша хан мал-мүлкін теңдей төрт бөлікке бөліп, үш бөлікті үш баласы Ұлы, Орта, Кіші жүзге беріп, төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуінің ортақ меншігіне қалдырыпты.

Қазақ халқы қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да қызық көрген. Қонақ болуы үшін оның таныс болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақ асын «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған. Ал қонағына кез келген уақытта мал сойып бермеген. Бірақ қонаққа деп әрқашан сыбаға сақтаған.

«Арнайы қонақ» (мал сойып шақырған сыйлы қонақ);

«Құдайы қонақ» (кездейсоқ бір түнеп аттанатын бейтаныс жолаушы қонақ);

«Қыдырма қонақ» (келіп, жатып-жастанып, бір мал жеп кететін қонақ);

«Қылғына қонақ» (тамақтың піскенін аңдып жүріп, шақырусыз келіп, ет жеп кетер сүйкімсіз қонақ) деп бөлінеді.

Адал ниетпен, ақ көңілмен келгенін білдіруі үшін қонақтар үйге келмей тұрып, найза, сойыл, шоқпарын дөденеге іледі.

Қару-жарағын сыртта қалдырып, қамшысын бүктеп ұстаған күйі үйге енеді. Себебі, қамшы жүрген жерде жын-шайтан жүрмейді. «Қонаққа еріп құт келеді» деген сенім бойынша, қонағын қарсы алған отағасы есігін өзі ашып, алдымен қонағын кіргізеді. Ал шығарып саларда үй есігін қонаққа ашқызады. Себебі, үй иесі есігін өзі ашса, онда қонағын қуғанмен бірдей болып саналады. Әдетте қонаққа келсе, жасы кіші қонақ, жасы үлкеніне ығысып орын береді. Қонақ шөлдеп келсе қымыз, не шай беріп шөлін басу керек.

Қойылым барысы.

Балалары: Әке, әке, қонақ келе жатыр, жолаушы қонақтар ғой деймін.

Отағасы: Балам, қонағыңды жақсылап күтіп ал. «Қырықтың бірі — Қыдыр» деген. Ал, бәйбіше, шайынды әзірлеп, суындарыңды даярла.

Бәйбіше: Қыздарым, айналайын, анау көрпелеріңді желпімей, жая қойыңдар.

Отағасы: О, бәрекелді, қош келдіңіздер.

Қонақ: Ассалаумағалейкум, от бастарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба? Қонақ болып келіп қалдық. *(Иығына домбыра асынған)*

Отағасы: Иә, «қонақ келсе есіктен, пәлекет шығар тесіктен», - деп бекер айтпаған шығар. Төрлетіңіздер!

Бәйбіше: Шөлдеп келген шығарсыздар, төрлетіңіздер!

Қымыз бенен шұбат бар,
Қымызда дәрі, қуат бар.
Ішіп көр сусын ашымас,
Шөлдегеніңіз басылар.

Қонақ: Ойбай-ау, мына бибіңіз ақын ғой!

Отағасы: Бұл сері қонақтардың бір мал жеп кететін реті бар. Қане, балаларым, анау марка қойды жетектеп әкеліндер.

Қонақ:

Басқа амандық берсін,
Жанға саулық берсін.
Босаға тең болсын,
Пиғылың кең болсын.

Отағасы: Шай іше отырып, сөйлей отырайық. Өздерің сері жігіттерге ұқсайсындар ғой.

Қонақ: Біржан сал, Ақан серідей болмасақ та, өнерге бір табан жақын адамдармыз. Сол Біржан сал, Ақан сері әндерін жиі орындайтынымыз рас.

Қонақ «Ақ сиса» әнін орындап береді.

Отағасы: Сіздердің іздеріңізді қуған менің де баламның өнерін тамашаласақ қайтер екен. Балам, «ел алғысын алсаң, елеулісі боларсың».

Баласы «Кеңес» күйін орындайды.

Қонақ: Ой, жарайсың, өнерің өрге басын! Аяғыңнан сүрінбе. Ал, кәне, бата берейін.

Дастарханыңыз берекелі,
Отбасыңыз мерекелі,
Құрт-ірімшік, тәттілерің,
Қалта-қалта тола берсін.

Бәйбіше: Тамақ дайын болды, балам, колға су құй.

Отағасы: Келмеске кеткен сал-сері-

лердің дәурені бізге ертегі сияқты елестейтіні рас. Сал-серілер туралы не айтар едіңіз?

Қонақ: Сал-серілердің түп атасы — әскери әулет. Олар соғыста алдыңғы қатарда жүретін құрбаншыл әскерлер қатарынан табылады. Отан үшін, ел үшін өледі. Сондықтан да басына күн түскенде ел үшін қан төгуге даяр болғандықтан, бейбіт кезде халқына еркелейтін болған. Еркелігі мен қызықты қылықтарын, олардың әзіл-қалжындары мен ән-күйлерін халық тиісті деңгейде қабылдап отырған. Мысалы: Біржанның қызылды-жасылды киініп, елдің көңілін көтеріп жүруі — халқына, ұлтына деген ашық көңілі мен ықылыс-пейілін көрсетеді. Екі айдың ішінде «Біржан сал» фильмі түсірілді. Біржанның барша қазаққа, әсіресе, жас ұрпаққа үлгі болар тұстары көп.

Отағасы: О, бәрекелді! Біржан туралы кино түсірілгеніне қуаныштымыз. Өмірге қайта келгендей екен.

Қонақ асқа бата береді:

Үйден ақ кетпесін,
Алдан ас кетпесін.
Кетпес байлық,
Қайтпас ырыс берсін.
Дәулетің тасып жатсын,
Жасың жүзден асып жатсын.

Отағасы: Ал, балам, қонақтың алдына түспе. Қайтар қонақ есікті өзі ашар болар, өйткені үй егесі ашса, қонақты қуғанмен бірдей.

- Қонақ болып келіп тұрыңыздар!

Ләззат Баяхметовна
РЫСКУЛОВА,
№10 жалпы білім беретін орта
мектебінің тарих пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Жаңа жыл - құтты жыл



**Дүрия Бақытқызы
ӘДІЛБАЕВА,**
№15 орта
мектептің музыка
пәні мұғалімі.
Талдықорған
қаласы,
Алматы облысы.

Музыка ойналып тұрады.

Жүргізушілер Аяз ата, Ақшақар костюмдерін киіп шығады.

Аяз ата:

Уа халайық, халайық,
Бөріңе жар салайық.

Ақшақар:

Бүгінгі кеш төрінде,
Ұстаздардың елінде.

Аяз ата: Шабыт тасып шалқысын,

Қосылып: Көңілді кеш жасайық!

Музыка.

Аяз ата:

Мезгілдері жаңарған,
Ескіргенін елейтін.
Алдағы жыл-ақ арман,
Тілегіміз тілейтін.
Ассалаумағалейкум!

Армысыздар, ұстаздар!

Ақшақар: Бармысындар, ұстаздар!

Аяз ата: Халық арасында «Ескі жылдың қайғы мұңын, өкпе-наздың барлығын сол жылға тастап, кіріп келе жатқан Жаңа жылды көтеріңкі көңіл-күймен, таза, тың ойлармен қарсы алу керек. Әрбір кірген жаңа жылдың өзінің дайындап отырған қуанышы, бақыты, сыйы болады» деген сөз бар.

Ақшақар: Құрметті ұстаздар, біз де өкпе-назымызды, өкініш-мұңымызды, қиындық сезінген сәттерімізді бір сәт естен шығарып, ескі жылға қалдырып, Жаңа жыл табалдырығын махаббатпен, мейіріммен аттайық, «бізді алда тек қана қуаныш пен бақыт күтіп тұр» деп сенейік.

Аяз ата: Олай болса, біз бүгін есігімізден енгелі тұрған жаңа жылды «Төрлет, елге кел, жылым, бақытыңды бер, жылым!» деген тілекпен, ұстаздар арасындағы ойын-сайыспен қарсы алғалы отырмыз.

Ақшақар: Бүгінгі мерекелік сайысымыз пән бірлестіктері арасында өткізілгелі отыр. Баршаңызға іске сәт, ұстаздар!

Аяз ата:

Шалқытып мерекеде ән салайық,
Өнерпаз ұстаздарға тамсанайық.
Бүгінгі кештің нағыз көркін ашар,
Ағайлар мен апайларды қошеметпен қарсы алайық.

Аяз ата:

Ал, ұстаздар, келіндер,
Бір-біріңе сеніндер.
Дарыныңды тексеріп,
Ойынға қатысып көріндер.
Бұл сайыс ойдың бәйгесі,
Бағынды сынап көріндер!

Ақшақар:

Қатерлі қиын жолдардан,
Алмағайып сындардан.
Қиясы қиын шындардан,
Тайдырып алмай тағасын.
Жыртқызып алмай жағасын,
Шәкіртке болған шамшырақ.
Болашаққа бастаған,
Ұстаздарым жасасын!

Аяз ата:

Бірдей көріп жүйріктердің баршасын,

Қыз-жігіттің өнерлерін байқасын.

Көпшілікті таныстырып өтейік,

Қазылармен төрелігін айтатын.

Сайыс шарттарымен таныстыру:

1. Топтың аты, киімі, таныстыруы;
2. «Ән – көңілдің ажары» бейнеклип көрсету;
3. Ойна да күл (көрермендермен ойын ойнау);
4. Көңілді кейіпкер (жаңа жылдық кейіпкер, қорғау);
5. «Мен саған, сен маған». Топтардың бір-біріне тосын, күтпеген сыйлықтары;
6. «Ойлы болсаң, озып көр» (білім сыйысы);
7. Биле, биле.

Аяз ата:

Біреулер сынға түсер өнерімен,

Біреулер жырға түсер өлеңімен.

Ал, енді, бірлестіктер ортамызда,

Дарынын танытады кезегімен.

Ақшақар:

Жалғайтын достастырып бар елменен,

Жолдардан тұрады ғой әлем деген.

Бүгінгі мерекелік кешімізде,

Ойынымыз басталсын сәлемменен.

Топтар өздерін таныстырады

Аяз ата:

Ұстаздар өнерлі ғой соншалықты,

Би билеп, ал біреуі ән салыпты.

Бүгінгі күн сайыста бәйге алуға,

Ұстаздар аянбай-ақ жан салыпты.

Әділ қазылардың бағалауы.

Аяз ата: Жаңа жыл! Жаңа күн! Жаңа өмір!

Бұл күн болмыстағы бояудың барлығын үміттен, қуаныштан, махаббаттан алып, айналаға нұр болып шашылады.

Ақшақар: Осы шашылған нұр әрбіріміздің шаңырағымызға шуақ болып тарайды. Қай-қайсымыз болсақ та осы мерекелік кештен келесі Жаңа жылға дейін жүрегімізге есте қалатындай бір сезімді

себелейміз, ол сезім бізді келесі жылға дейін үмітпен жетелеп отырады.

Аяз ата: Жаңа жыл әрбір шаңыраққа құт-береке, ырыс алып келсін!

Ақшақар:

Тылсым дүниемен тілдесетін де ұстаздар,

Ой-сана түлеп күнде өсетін де ұстаздар.

Аяз ата:

Өр мақсат, ұстам, парасатың да ұстаздар,

Тұлпардай жарап, таң асатын да ұстаздар.

ІІІ бөлім. Ойын. (Әр топ өзінің қалаулары бойынша ойын ойнатады. Ойынның мағынасы, қызықтылығына мән беріледі)

Әділ қазылар бағалауы.

Аяз ата:

Жылдар өтсе ұлғаяр тек жасымыз,

Күндер алда еритін көк тасымыз.

Жаңа жылдық тілегім, ең әуелі,

Аман болғай әманда отбасымыз.

Ақшақар:

Оралғандай қуанып бала күнім,

Кең жайылып ғаламға барады үнім.

Құтты боп мектебіме аунашы бір,

Сәбидей жүрегінмен Жаңа Жылым!

ІV бөлім. Жаңа Жылдық кейіпкер. (Әр топ жаңа жылдық ертегі кейіпкерін бейнелеп, іс-қимылымен қорғайды)

Әділ қазылар бағалауы.

V бөлім. «Мен саған, сен маған»

Әр топ үйден дайындап келген сыйлықтарын бір-біріне тапсырады. Сыйлық барынша күлкілі, тосын болғаны дұрыс.

Әділ қазылар сыйлықтың ерекшелігін, маңыздылығын бағалайды.

VI бөлім. «Ойлы болсаң, озып көр»

Әр топқа 4 түс (қызыл, сары, көк, жасыл) беріледі. Әр түс бойынша сұрақтар қойылады. Бұл сайыста мұғалімдердің білімдері сыналады.

Әділ қазылардың бағасы.

Ақшақар:

Өнердің қай саласы болса-дағы,
Біздердің арамыздан табылады.
Қуаныш пен шаттыққа кенелейік,
Жадырайық, ән шырқап, би билейік.
Төрле, төрле, халқымның құтты жылы,
Ал, енді дөңгелене би билейік.

VII бөлім. «Биле, биле»

(Сайыскерлерге төрт түсті шырша беріледі. Әр түстің артында әр халықтың биі жасырылады. Сол сәтте музыкасымен билеп береді. Таңдау бойынша төрт би биленеді: «Детство», «Сыған биі», «Үнді биі», «Өзбек биі»)

Аяз ата:

Сүйсінтеді бишілердің қимылы,

Шеттерінен жайнап тұрған қыр гүлі.
Билерінен мін таппайсыз бірде-бір,
Құдайдың шын таңғажайып сыйлығы.
Әділ қазылардың бағалауы.

Ақшақар:

Бар баланың сенгені өздеріңіз,
Сол сенімді ақтаумен өрледіңіз.
Құтты болып, ұстаздар, жаңа жылың,
Жана берсін жасампаз еңбегіңіз.
Жана берсін, еңбегің жана берсін,
Мерейіңе шәкірттер қана берсін,
Айнала балалар мен гүлге толып,
Жаңа жылың зор бақыт ала келсін.

(Әділ қазылардың қорытындысы шығарылып, төрт топ та номинациялармен марапатталып, Аяз атаның арнайы сыйлықтары тапсырылады)

Зорлық-зомбылықсыз отбасы

Отбасы — шағын мемлекет десек, бұл оның қоғамдағы алар орнына қарай айтылса керек. Осы бір ғибратты сөз босағаның берік, шаңырақтың биік болуын, халық санының көбейіп, қоғам байлығының еселеп артуына тигізер ықпалы бар болғандықтан да отбасын шағын мемлекетке теңесе керек. Өкінішке орай, түрлі жағдайларға байланысты шаңырақтың шайқалып, бейкүнә сәбилердің жаутаңкөзге айналып жататын кездері де аз емес. Әрине, берекесі мен бірлігі жоқ, күндегі айқай шудан шаршаған әйелдердің көбі ажырасуға мәжбүр болады.

Зорлық-зомбылық құқықта бір адамның екінші адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психологиялық ықпал жасауы. Жалпы отбасындағы зорлық-зомбылық әміршіл

билік пен шектен тыс бақылаудың нәтижесінде пайда болады.

Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық-зомбылыққа жол жоқ. Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады.

Өкініштісі сол, зорлық-зомбылыққа ең көп ұшырайтын адамдар — сол құқық бұзушының ең жақыны, жанашыры, бірге тұратын отбасы мүшелері болып жатады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық көрген мұндай адам дене, психикалық, моральдық зардаптан бөлек қорғансыздық сезімде болып, тығырыққа тіреледі. Оның санасында «мемлекет менің құқығымды қорғай алмайды» деген түсінік пайда болады.

Сондықтан қоғамымыздағы нәзік жандылардың құқығын қорғауға қатысты профилактикалық жұмыстарды күшейте отырып, ешбір адамның тапталған құқығы қорғаусыз қалмайтынын көрсететіндей іс-шаралар жасалуы керек. Жалпы, еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде қабылданған заңдар келесі міндеттерді көздейді: шұғыл түрде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жолын кесу; жәбірленушіге қауіпсіздік жағдайларын жасау; жәбірленушіге көмек түрлерін көрсету, оның ішінде ақпараттық, құқықтық, психологиялық және т.б. көмек түрлері, құқық бұзушыға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану. Сондықтан заңдық тұрғыдан тұрмыстық құқық бұзушылық кезінде іске асуы тиіс жұмыстар қамтылған деп айта аламыз.

Ақтөбе қаласындағы М. Ломоносов атындағы қалалық орталықтандырылған

кітапхана қазіргі кездегі балалармен қатар үлкендердің де отбасындағы зорлықтың алдын алу мақсатында «**Зорлық-зомбылықсыз отбасы**» тақырыбында Алматы аудандық №3 полиция бөлімі жергілікті полиция қызметінің учаскелік инспекторы полиция капитаны Нурлан Дүйсенбаевтан сұхбат алды.

Сұхбат барысында полиция қызметкерлері қоғамдағы зорлық-зомбылыққа қарсы жасалып жатқан жұмыстары, зорлық зомбылықтың құрбаны болып қонырау шалып хабарласатын отбасы мүшелерінің әрекеті, халықтың мұң-мұқтажын тындап көмек беретін жайттардың көптігі және әркез зорлық-зомбылыққа жол бермеуге жұмыс жасайтындықтары туралы айтты.

Айымгул Узакбаевна СКАКОВА,
М. Ломоносов атындағы қалалық
орталық кітапхана редакторы.
Ақтөбе қаласы.

Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ

Мақсаты: халқымыздың сөз өнері мақал-мәтелдердің мағынасын ұғып, ойда сақтап көп білуге үйрету.

Тәрбиелік мақсаты: Шешендік сөз өнерін дамыту, өз тілін қадірлеу, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: плакаттар.

1. Сайысқа қатысушылармен таныстыру. Әр оқушы өздері жаттаған мақалдарын айтады.

Алғашқы айналым.

2. Мақалдың алғашқы жолы айтылды, әрі қарай оқушылар жалғастырады.

- а) Өзек қуа ағады,
Өзен судың саласы.
(Алыстан сәлем береді,
Әдепті елдің баласы)
- ә) Досы көпті жау алмайды.
(Ақылы көпті дау алмайды)
- б) Сәуір келсе күн күркірер.
(Күн күркіресе көк дүркірер)
- в) Егіннің жайын еккен білер,
(Арбаның жайын жеккен білер)
- г) Есік алды тау болса,
Ерттеп қойған атпен тең.
(Ауылында қария,

Жазып қойған хатпен тең)
 ғ) Қарға баласын аппағым дер,
 (Кірпі баласын жұмсағым дер)
 е) Бірлігі жоқ ел тозады,
 (Бірлігі күшті ел озады)
 л) Малды жақсы баққаның,
 Өзіңе абырой тапқаның.
 (Малды жаман баққаның,
 Келген бақты қаққаның)
 ж) Түйенің үлкені,
 (Көпірде таяқ жейді)

Келесі кезек.

1. Екі ойыншы біріне-бірі мақал айтады, сол мақалда бар сөздермен мақал құрастырады.

Көрермен көзайымы.

1. Берілген сөздерден көрермендер мақал құрастырады.

(Ата, гүл, бала, жақсы, еңбек, өзен, Отан, ат, ер, батыр, тас, ел, ана).

Жұмбақ.

1. Көліксіз өмір сүрмейді,
Ешқашан жаяу жүрмейді. (Ер тоқым)
2. Ақ көйлекте көк желек,
Орманда орны бір бөлек. (Қайың)
3. Сауыттан мықты шапаны, жәндіктің нағыз шабаны. (Тасбақа)
4. Есек құлақты,
Мысық аяқты.
Түйе ерінді,
Ешкі құйрықты. (Қоян)
5. Бұдан кір қорқады,
Судан бұл қорқады. (Сабын)
6. Өзі арық, сөзі әріп. (Қалам)
7. Отқа жанбас, суға батпас. (Мұз)
8. Тіріден өлі туады,
Өліден тірі туады. (Жұмыртқа мен балапан)
9. 50 аяқты екі қолды,

50 аяқпен салады жалғыз жолды.
 (Ара)

10. Сөз үйретсең қайталайды,
Өздігінен айта алмайды. (Тоты құс)

2. Екінші ойыншы біріне-бірі жұмбақ айтады.

Ұпайы ең аз ойыншы кетеді.

3. Көрермендерге жұмбақ айту.

Ақырғы айналым.

Екі ойыншы жұмбақтың шешуін тауып мақал құрастырады.

а) Аспай түскен,

Қайнамай піскен. (Жеміс)

Сабағы жаман ағаштың жемісі де жаман.

ә) Қимылдаса қос шебер

Қыруар-қыруар іс өнер. (Қол)

Көз қорқақ, қол батыр.

б) Жалт-жұлт еткен,

Жылғадан өткен. (Су)

Судың да сұрауы бар.

в) Ұзын, ұзын, ұзын жол,

Ұшына жеткен бар ма екен.

Түбі терең қара су,

Түбіне жеткен бар ма екен.

Түбіне жетіп бұл судың

Қанып ішкен бар ма екен? (Білім)

Білім – азбайтын шырақ.

б) Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды. (Күн).

Жақсы ай мен күндей, әлемге бірдей.

Қорытынды, бағалау.

**Ләйла Қапезқызы АХМЕТЖАНОВА,
 Шоқан Уәлиханов атындағы орта
 мектептің бастауыш сынып мұғалімі.**

Сұлусары ауылы,

Жарма ауданы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Желтоқсанның арманы – тәуелсіздік таңдары

Қазақ тарихында алтын әріптермен таңбаланған «Тәуелсіздік» ұғымын тиісті тұғырына қондыру оңайға соқпағаны хақ. 1986 жылы желтоқсанның ызғары өткен желіне кеудесін төсеп, билігі өктем мызғымас одаққа оқша атылған боздақтарымыздың бостандық ұранынан бастау алған егемендік жолы тоқсан бірдің толқулы күндерінде діттегеніне жетті.

жолындағы ерлік күресі, мәңгілік елдің босағасын бекітер бүгінгі жас, аға ұрпақтың өткенінен тағылым алып, жастар өз тағдырларына өздері иелік ететін азаматтар болуы үшін, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалардың ортасында болған аға-апаларының әңгіме-өнегесін, тарих беттеріндегі қалған парақтарды еске түсіру, түсіндіру мақсатында «Желтоқсанның арманы



Жамбыл облысы, Меркі аудандық №1 жалпы білім беретін мектеп-гимназиясында «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай және мектептің тәрбие жоспарына сәйкес, жас ұрпаққа қазақ халқының Тәуелсіздік

– тәуелсіздік таңдары» тақырыбында онлайн кездесу өткізілді. Қара бастың қамын емес, қазағының арын ойлап, Алматының орталық алаңында отаршылдыққа қарсы шыққан рухты жастар – «Желтоқсан-86» оқиғасына қа-



тысқан. «Қазаққа қазақ басшы керек!» деген ұранмен аланды жаңғырыққа толтырған елі, жері үшін тартысқа түскен қазіргі таңда Алматы қаласында тұратын – Толымбек Жортулы, Шөкей Несіпкүл, Тараз қаласында тұратын – Иманкулова Света, Жаналиева Ляйля, Меркі ауданында тұратын – Жуанышева Эльмира, Молдагулова Раушан, Шинасилова Жанар, т.б. оқиғаның қатысушылары, куәгерлері сол күні бастан кешкен, көзбен көрген уақиғаларды баяндап, ескіліктің еншісінде қалған естеліктерін жаңғыртып, ерлік пен өрлік, қайғы мен қасірет араласқан қаралы да қасіретті күнін еске алды. Өткен күнге шегініс жасағанда кездесудегі оқушылар, мектеп ұжымының жүрегін шымырлатып, көзіне жас келтірді. Сондай-ақ, кездесуге Меркі аудандық тарихи-өлкетану мұражайы-

ның бөлім меңгерушісі Жүрсиналиева Айман Жексенбайқызы да қатысып, кездесудің маңыздылығына тоқталып өтті.

Кездесу соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Айтбаева енді мұндай зұлматтың болмауын тілеп, қазақ жастарының азаттық күресі тарихи маңызы бар үлкен оқиға екендігіне тоқталып, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін бағалауға және кездесуге қатысқан қонақтарға алғысын жеткізді.

Айнур Кумисбековна АЙТБАЕВА,
№1 жалпы білім беретін
мектеп-гимназиясы
директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Жаңа жыл – сиқырлар мен таңсайыптар уақыты

Меркі аудандық Білім Бөлімінің ұйымдастыруымен Оқушылар «Үміт» сарайында ең сүйікті және көптен күткен мерекелердің біріне арналған «Сиқырлы кітап» атты жыл сайынғы дәстүр бойынша, ҚР Президентінің шыршасы биыл, онлайн түрде болып өтті. Президент шыршасына аз қамтылған отбасынан келген 9 оқушы қатысты. Жаңа жылдық

өлмес (кашей), қасқыр, айдаһар, Саз ханшайымы, Аяз ата, Ақшақар кеш қызығын арттыра түсті. Үлкен вебэкраннан ұшып келе жатқан мыстан, аспан, орман, табиғат, қыс көріністері, заманауи ұялы телефондар бәрі ойластырылып жасалған біртұтас дүние болып шықты. Тапсырыс әкелуші, ГЛОБО тасушы, слайд арқылы көрсетіліп тұрды. Жас өнерпаз, халықаралық байқауының

бас жүлде иегері Бақтиярұлы Бекболат ән салып, «Жібек жолы» бишілер тобы би билеп, әр мектептен қатысқан оқушылар да тақпақтарды мәнерлеп оқып, шырша соңында сыйлықтарын алып, қуана тарасты. Карантин талаптары орындалып, қатысушылар бетперде киіп, арақашықтық сақталды. Келесі күні Жамбыл облысының әкімі



сыйлық ретінде, 120 мың теңгеден әр баланың ата-анасының есеп карточкасына жіберілді. «Ұлы Абай» энциклопедиясы және тәттілердің түр-түрі салынған пакет сыйға берілді. «Үміт» сарайының ұжымы, бұл шырша мерекесіне үлкен даярлықпен келді. Зал мерекеге лайықтап безендірілген: аппақ қарлар, төрдегі биік жасыл шырша, өрнекті баулар, өшіп жанған шамдар, үлкен — ақ боран, «Ертегі кітабі» жаңа жылдық қызықты оқиғаға қатысты кейіпкерлер, аю, түлкі, мыстан кемпір,

Бердібек Сапарбаевтың аз қамтылған, көп балалы жанұядан келген оқушыларға арналған шырша мерекесіне ұласты. Меркі ауданының әкімі Мейірхан Азатұлы Өмірбековтың тарапынан берілетін жаңа жылдық сыйлықтар әр мектептің өзінде тиісті оқушыларға таратылатын болады.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,
Оқушылар «Үміт» сарайы педагогы.
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.

Құрметті редакция!

Мен, Дария ЖҰБАТОВА — Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының педагог-психологы және аға тәлімгерімін. Оқушыларымның шығармашылық жұмыстарын сіздерге жолдай отырып журнал бетіне жарияларсыздар деген сенімдемін.

«Мектептегі мерекелер: тәрбие жұмыстарының сценарийлері» журналының тұрақты оқырманы болғандықтан, шәкірттерімізді елең, шығармаларын ел-жұрт назарына ұсынғандарыңыз үшін сіздерге алғысым шексіз.



Айгерім ШАГИБАНОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының 11-сынып оқушысы, «Жас қаламгерлер» үйірмесінің мүшесі.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Сәлем достарым, құрдастарым

Сендермен мен біраз жыл бірге оқыдым. Алғаш келген сәттен бері мені жатсынбай қатарларыңа қостыңдар. Біз бір үйдің балаларындай жақсы араласып, біреуіміз жоқ болсақ, орны ойсырай білінетін. Қиындықта қасымнан табылып, ал қуанышты бірге бөлістіңдер. Тіпті кейбір туыскандарым бере алмаған жылулықты, махаббатты, сүйіспеншілікті сіздерден алдым. Әрқашан қиын сәтте қасымнан табылатын жақын адамдарыма айналдыңдар. Бұлар менің тек сыныптастарым емес, аға орнына аға, әпке орнына әпке бола білетін, ақылдарын айтып, ой бөлісуге ешқашан шаршамайтын жақсыларым. Қажыған, шаршаған сәтте өміріміздің әлі алда екенін, армандарымызды орындауға мақсат қоя білуді, соған талпынуды үйреткен жандар. Көңіл-күйің жоқ болса соны көтеруге, барынша күлдіруге тырысатын құрбыларым!

Сендер ақылдысыңдар, сол білімдеріңмен биік шыңдарды белестерді бағындырасыңдар. Ең бастысы адамгершіліктерің мол, өзгелерден артықшылықтарың сендер бір-бірінді тыңдай білесіңдер, жан-дүниелерінді түсінесіңдер.

Аға тәлімгер Дария апайымыз айтқандай адамның ішкі жан дүниесін түсіне білу үшін, ең бірінші төзімділік, кішіпейілділік, сабырлылық қасиеттер өте қажет. Мүмкін сырт көздер бір-бірін, түсінбейтін қандай сынып деп ойлап қалуы мүмкін, бірақ біздің ішімізде бір-бірімізбен байланысқан көзге көрінбейтін шынжыр бар.

Ол бауырмалдық, достық, түсінушілік, қарапайымдылық деп аталады.

Иә, адам болған соң «жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ болмайды» деп бекер айтпаған ғой. Біздің де қателіктеріміз, кемшіліктеріміз де болады. Сыныпта қанша оқушы болсақ, сонша мінез бар. Кейде дұшпанның, яғни ашудың ығына иіліп кетеміз, сондай кездерде бір-бірімізге мінездерімізді көрсетіп қалып жатамыз. Негізі ондай жағдайдың алдын алу үшін сынып болып тәртібі, мінезі жаман жаққа өзгеріп бара жатқан құрбымызға ескерту жасаймыз. Бұл біздің өзімізге және өзгелерге жасаған жақсылығымыз деп есептейміз. Әр жылдың соңында бізге біздің білімімізді тексеру үшін емтихандар өткізіліп тұрады. Сол сынақтар кезінде көптеген адамдар бізге сенбеушілікпен қарады. Ал біз ол адамдарға өзіміздің бір екенімізді, ұйымшыл екенімізді дәлелдедік.

Сіздер таланттысыңдар, бәріңнің бойында ешкімге ұқсамайтын қабілеттерің мен өнерлерің бар. Жақсылығымды асырып, жамандығымды жасырған қазынамсыңдар. Осы өміріме қайта келіп, қандай достарды таңдайсың немесе қалайсың деп сұраса, сіздерді деп ойланбай-ақ жауап берер едім.

Сендерге деген алғысымды, бойларыңдағы асыл қасиеттерді тізіп бір-екі бет параққа сыйғыза алмаспын. Мүмкін сендерге деген алғысымды күн сайын айтып жүрмеген шығармын, бірақ естеріңде болсын сендер менің байлығымсыңдар.

Біздер 11-сынып оқығанда қашықтықтан оқуымыз да қиын болып тұр. Бірақ біздің, Дарындылар мектебінің алтын ұстаздары мен сынып жетекші, тәлімгер, тәрбиешілеріміз тұрғанда биік-биік асуларды бағындыратынымызға сенемін. Карантин аяқталып гимназиямызда шырқалатын «Гимназия маршын» орындап салтанатты жиындарда кездесейік.



Арухан СЕРИКОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Достығы берік Қазақстан

Мен, Батыс Қазақстан облысының, Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатына биылғы жылы оқуға түстім. Қалыпты жағдайда тезірек оқысақ екен, - деп гимназияға баруға асығып жүрмін. Бірақ қашықтықтан да оқып үлгерудемін. «Жас Ұлан» ұйымының аға тәлімгері берген күзгі демалыс уақытындағы тапсырманы орындай отырып, «Қазақстан кең байтақ елім!» деп мақтаныш етемін.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына «Досты-

ғы берік Қазақстан» тақырыбында мақаламды жолдай отырып, көз алдыма елестетемін, қандай ғажап елміз егіні жайқалған, өрісі малға толы, әрбір ұлт біздің елімізде бақытты өмір сүруде.

Тәуелсіз елімізде, біз бақытты өмір кешудеміз. Бақытты балалық шақ ата-анамыздың құшағында өсу, жарқын өмір. Бірақ кейбір балалар оны бақытты өмір деп айтпайды. Бұл өте үлкен қате деп ойлаймын. Себебі, барлығымыздың қасымызда ата-анамыз, қолымызда бір-бір ұялы телефонымыз қандай киім киеміз, қандай тамақ ішкіміз келеді, соның бәрі бар.

Ал, бұрын аталарымыз-әжелеріміз соғыс кезінде үстерінде бір дұрыс киім болмай, қарындары аш, балалық шақтың балын дұрыс татпаған еді. Сонда да, олар өмір қиындығына налыған жоқ.

Әжем айтып отырады: «Біз таңертең ерте тұрып, үйден мектепке дейін 7 км жаяу жүрдік». Ал, сендер осы сүріп жатқан өмірлеріңе бір рақмет айтпайсыңдар», - деп. Әр айтқан сөзі есіме түскен сайын терең ойға берілемін...Шындығында біз бақытты өмір кешудеміз ғой. Сондықтан менің айтатын кеңесім: ата-анамыз біз бақытты болу үшін бәрін істеп, еңбек етіп жүр, сондықтан осы өмірге риза болайық. Карантин қиындығын жеңіп, гимназиямызға барып, ұстаздармен, барлық оқушылар мәз болып қуанышты жүздесейік.



Карина АСЛАНҚЫЗЫ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Бақытты балалық шақ

Балалық шақ – адам өміріндегі ең бақытты сәт. Бақытты болу әр адамның өз қолында. Егер өз жетістіктерімізді қанағат тұтып, әр ісімізді ізгілік жолмен атқаратын болсақ, өзімізді бақытты және қуанышты сезінетін боламыз. Дүниеге келген уақыттан бастап, біз тәтті және бақытты өмірге бірінші қадамымызды жасаймыз. Біз кішкентай кезімізде балалық шағымызды өте көңілді өткізіп, бақытты бала болдық. Өйткені кішкентай болу, ол керемет себебі бос уақытын көп, ойлайтын мәселелермен қиындықтар жоқ, ересектер сияқты міндеттеріміз жоқ, күнде баратын жұмыс та жоқ.

Біз кішкентай кезімізде жылдам есейіп үлкен болғымыз келді. Ал енді өсе келе кішкентай болған жақсырақ екенің түсініп

жатырмыз. Өз балалық шағымыздың қадірін түсінуіміз керек. Себебі, ол өмірде тек қана бір рет берілетін бақытты қайталанбас шақ.

Мысалы: Мен өз балалық шағымды өте көңілді және бақытты өткізудемін. Есте қалатын қызықты кездерім өте көп.

Мен сол есте қалған бақытты, қуанышты және де қызықты балалық шағымның кездерін қорықпай айта аламын.

Есейіп кетсем де, сол сәттер әрқашан есімде мәңгілікке қалады.

Мен өз ата-анама өте ризамын және басымды иіп алғысымды айтқым келеді. Себебі менің балалық шағым бақытты болу үшін, олар маған барлық жағдайды жасады.

Қашықтықтан оқып күзгі демалыста болсақ та, бізге «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында эссе жазу, сурет салу тапсырма берілген болатын. Мен өз эссеімді аяқтай келе өзім сияқты замандас құрбыларыма «Бақытты балалық шақ» тілеймін.

Аспанымыз ашық! Еліміз тыныш, халқымыз аман болсын!



Шынар Сырлыбаевна КАСИМОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының 7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Бақытты балалық шақ

Балалық шақ адам өміріндегі ұмытылмас керемет сәттер. Ол кімді де болмасын сағынтпай қоймайды. Себебі біз бала кезімізде көптеген қызықты сәттерді басымыздан кешеміз. Алайда, ол есейген шақта естелік болып қалады. Біз өсеміз есейіп ер жетеміз. Балалық шақ ол, адам баласы дүниеге келген кезеңнен басталады.

Мен қазір 13 жастамын, балалық шағым қызықты өтуде, өзімді әлі бойжеткенмін деп есептемеймін. Себебі кешегі бастауыш сыныптағы кішкентай сәттерім қызық, әрі қанық, ашық түстерге толы. Мен кішкентай кезімді ұмытпаймын, есіме түссе рахаттанып күліп аламын.

Бұл өмірде балалық шақ балдай тәтті, әрине кейде ащысы да болып тұрады. Бірақ соның бәрін есейгенде сағынамыз, сондықтан да есейіп ержетуге асықпайық. Қыз балаға тән иман жүзді болып, қазақы тәрбие алып, «үлкенді сыйлап-кішіге ізет көрсетіп», білімді оқушы болайық. «Білімдіге дүние жарық», «Білімді мыңды жығар» деген біз білімді оқушы болсақ: ата-ана үшін сол бақыт емес пе!? Барлық бала зорлық зомбылық көрмей, ата-ана құшағында бақытты балалық күндерін өткізсін! Мынау карантин тезірек аяқталсын, дарындылар мектебіне тезірек барып оқысақ екен деген тілек айтам.

Балалық шақ ол сенің өміріндегі қызыққа толы ұмытылмас бақытты сәттер.



Ернар Нұрсайынұлы СҰЛТАНҒАЛИ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Теректі ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.

Достығы берік Қазақстан

Қазақстан – мейірімді, құшағы кең байтақ өлке. 130-дан астам ұлт өкілінің бір ата-ның баласындай өмір сүріп жатқаны елімізге айғақ. Мен қазақ халқының мұндай мейірбандылығын, қонақжайлығын, кең пейілділігін үнемі мақтан етемін. Осыншама ұлт пен ұлыстың адамдары бір кісідей жұмыла жұмыс жасап келе жатқандығы Елбасымыздың дана саяхатының нәтижесі болса керек.

Алматының өзінде 30-дан астам түрлі ұлттардың мәдени орталықтары бар. Олар Қазақстан халқы ассамблеясының үлкен шаңырағы астына топтасқан. Кез келген адам балалық шақта дүниенің алыс түкпірлеріне саяхат жасауды, оқуды арман етеді.

Қазақстанның көз тойғысыз көркем табиғатымен қатар, алыс жағажайлардың өркениеттер тарихын білгісі келеді. Менің де болашақта арманым, бір маман иесі болып, Қазақстанымның өсіп өркендеуіне өз үлесімді қоссам деймін.

Мектептегі мерекелер:

*тәрбие
жұмыстарының
сценарийлері
журналы*

Мекен-жайымыз:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2, 13-7.
Индекс 75489

*Қиып
алыңыз да,
жазылыңыз!*

Басылым индексі
АБОНЕМЕНТ

«Мектептегі мерекелер 75489
тәрбие жұмыстарының сценарийлері»

Комплекті саны

2021 жылға, айлары

кайда															

кімге (почта индексі) (мекен-жайы)
(аты, жөні)

ПВ	орны		

Тасымалдау карточкасы
75489
Басылым индексі

Бағасы	Жазылу мекен-жайын өзгерту	...тенге ...тенге	...тиын ...тиын	комплекті саны	
--------	----------------------------	----------------------	--------------------	----------------	--

2021 жылға, айлары

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
кайда											

кайда _____
(почта индексі) (мекен-жайы)
кімге _____
(аты, жөні)